Сегодня Казахстан приступает к осуществлению политики социально-экономической модернизации, предложенной Главой государства. Цель модернизации - подготовка общества к жизни в условиях новой индустриально-инновационной экономики, поддержание баланса между форсированным экономическим развитием Казахстана и широким обеспечением граждан общественными благами, утверждение социальных отношений, основанных на принципах права и справедливости. И внешняя политика Казахстана, проводимая под руководством Лидера нации, призвана обеспечить условия, способствующие эффективной реализации этих задач.

Ильмира САПАРОВА,
магистрант 2 курса специальности История,
ЗКГУ имени М.Утемисова

Науч. руководитель: д.и.н., доцент А.М. НУРГАЛИЕВА

Әлем мойындаған - ел, әлемді қаратқан - ер

Еліміздің ел болу шежіресі сан түрлі белестерден тұрады. Сол белестердің бірі еліміздің Тұңғыш Президентінің сайлануы болатын. Тәуелсіз Қазақстанды сындарлы жолдардан, сан түрлі белестерден құлатпай, сүріндірмей алып шығу үшін де үлкен қажыр қайрат пен, ұлтына, қазағына деген сүйіспеншілік керек еді. Бұл жолда Н.Назарбаевтың еңбегі зор. Ол Заманымыздың ұлы қайраткері ретінде Қазақстанды әлем төріне шығарды,туған халқының дана перзенті ретінде ата жұртымыздың бағын жандырды.

Қазақстанды өз тәуелсіздігін жарияласымен көптеген әлем елдері тани бастады. 120-дан астам ел Тәуелсіздігімізді мойындап, дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Алыс-жақын шет елдік Елшіліктер елімізде ашылып, сырт ел тәуелсіздігімізді құптады. Қазіргі кезде Қазақстанның көп ғасырлар бойы туысқандық, мәдени, саяси және экономикалық қарым-қатынаста болып келген көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығы ерекше серпін алып отыр. 2006 - 2007 жылдар аралығында Орталық Азия мемлекеттері президенттерінің Астанаға іс-сапарлары барысында қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын маңызды екі жақты келісімдер қабылданды.

Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Ресеймен қарым-қатынас болып табылады. Қазақстан мен Ресей арасында отын-энергетикалық кешен, көлік және коммуникация, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі салалары бойынша байланыс орныққан. 2012 жылы Қазақстан мен Ресей өзара дипломатиялық қарым-қатынас құрғанының 20 жылдығын атап өтті.

Қазақстанның ислам әлемімен қарым-қатынасы тереңдей түсті. 2007 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев Мысыр, Иордан, Катар, Сирия, Біріккен Араб Әмірліктерінде ресми сапармен болып қайты. Ал Қазақстанға Мысыр Президенті Х.Мубарак және Иордания королі Абдалла II келді. Бұның бәрі біздің еліміздің және ислам мен араб әлемі арасындағы қарым-қатынасының жаңа деңгейге көтерілгендігінің бірден-бір белгісі болып табылады.

Ядролық қаруды таратпау, діни экстремизмге қарсы тұру, әлем діндері арасында толерантты қарым-қатынас құру мәселелері, 2010 жылы Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына көшбасшысы ретінде төрағалық етуі елімізді Әлем танығанының

дәлелі болса керек. Қазақстан дипломатиясының ірі жетістіктерінің бірі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңесті жию идеясының жүзеге асқаны болып табылады. Бұл басқосулар халықаралық деңгейде үлкен бағаға ие болды. Аталмыш форумның жұмысы Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған, бұл ұйым бейбіт сұхбат және Азия құрлығындағы күрделі геосаясаттық мәселелерді шешу алаңына айналды. Олардың басты қызметі қауіпсіздік саласымен байланысты. Осындай ұйымдардың бірі Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы болып табылады (ШЫҰ). 2001 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын (ШЫҰ) құру бастамасына ат салысты және де дәл осы ұйым аясындағы қызметі

сыртқы саясаттағы негізгі бағыттардың біріне айналды. ШЫҰ шеңберіндегі диалог арқасында Қазақстан саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалар бойынша көптеген мәселелерді шешуге бағытталған сындарлы сұхбат жүргізу мүмкіндігіне ие және бұл ұйым аясында терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресуде күш жұмылдыру мәселелері талқыланады.

Кезекті «Экспо-2017» халықаралық көрмесін өткізетін ел мәртебесі Қазақстанның елордасы Астана қаласына бұйырды. ЭКСПО халықаралық көрмесі Қазақстанның мәртебесін күллі әлемге паш етті. Осынау кең байтақ Қазақ жерінің төрт құбыласын бекітіп, заңдастырған қандай жақсы?! Кімнің тұсында әлемнің ірі елдерімен тереземіз тең болып, бірдей дәрежеге ие болдық?! Әрине, Назарбаевтай Елбасымыз, ол басқарған мемлекеттің, оны қолдаған қалың халық Қазақстандықтардың арқасында жеттік! Ел Президентінің осынау тарихи тағдырлы жеңістерін зор алғыс сезіммен жоғары бағалаймыз!

Сабина КУАНДИХОВА,
тарих, экономика және құқық факультеті,
тарих мамандығының 2-курс студенті

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2017 жылдың 26 қазан күні латын тіліне көшу туралы жарлықты бекітті. Осыған орай педагогика факультетінде «Латын тіліне көшу – заман талабы ма, әлде үлкен саясат па?» тақырыбында пікірсайыс болып өтті. Шараны А.С.Пушкин атындағы шәкіртақы иегері Хасанова Аида Жантурина ұйымдастырды.

Латын тіліне көшу – заман талабы ма, әлде үлкен саясат па?

Пікірсайыс аламында көрермендер өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытты. Солардың ішінде 1-курс студенттері Сәрсенова Күмісай, Мүбәракова Жасмина, Тілеугали Ақмарал, Тілекова Нұрбибі, Оспан Аида, Ғанибекова София, МаксимоваГульсаяжан белсенділік танытып, арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. Бұл пікірсайыстан біз латын тілі туралы біршама мағлұмат алдық. Осындай сайыстар, пікірталастар жиі ұйымдастырылып тұрса



деген ниет, тілек бар.

София ҒАНИБЕКОВА,
1-курс студенті



Болашаққа бағдар: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» деп аталатын мақала жариялады. Бұған дейін еліміз жаңа тәуелсіз мемлекетті құру арқылы бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан-2030» стратегиясын қабылдап, нәтижесінде еліміз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Бұл - екінші жаңғыру. Ал рухани жаңғыру – Қазақстанның үшінші жаңғыруы. Рухани жаңғыру - тәуелсіз еліміз дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатында ұлттық рухты сақтай отырып, әрбір Қазақстандықтың санасын жаңғырту. Елбасымыздың мақаласы кіріспеден, «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты 2 негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады. Президент «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бөлімінде жаңғыртудың 6 бағытын айқындап берді:



- 1.Бәсекеге қабілеттілік
 - 2.Прагматизм
 - 3.Ұлттық бірегейлікті сақтау
 - 4.Білімнің салтанат құруы
 - 5.Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
 - 5.Сананың ашықтығы
- Бұл бағыттардың барлығы ұлттық кодты сақтай отырып, табысқа жетуді көздейді.

Екінші тарау «Таяу жылдардағы міндеттерге» келсек, бұл Қазақстанның алдағы ұзақ жылдардағы дамуын айқындайтын стратегиялық сипатқа ие. Бұл міндеттердің бастысы – Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру. Дәл осы жоба қарапайым халық арасында әр түрлі пікірлер тудырды. Ал, мен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халқы үшін мәнсіз дүние ұсынбайтынына, тек еліміздің дамуы үшін тер төгетініне сенемін. Екінші міндет – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Қазіргі уақытта ғылым салалары бойынша студенттеріміздің қазақ тілінде ғылыми оқулық табуы кейде қиынға түсетіні рас. Осы орайда Елбасымыз әрдайым білімді бірінші орынға

қоятынын тағы дәлелдеп бергендей. Үшінші жоба – «Туған жер» бағдарламасы. Елбасымыз айтқандай, бұл бағдарлама жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатын, әрбір адам өз туған жерін көркейтіп, аялау арқылы туған еліне деген сүйіспеншілігі артады. Бұл жоба әрі қарай «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына ұласады. Ел тарихында алғаш рет осындай ауқымды жоба жүзеге аспақ. Халқымыздың ұлттық бірегейлігін құрайтын бұл жоба киелі мекендерімізді ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды көздейді. Келесі жоба «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» деп аталады. Бізді әлем тек қара алтынмен және сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен таниды. Осы жоба арқылы біз мәдени жетістіктерімізбен де әлем сахнасына өзімізді танытуымыз керек. Елбасымыз ұсынған соңғы жоба ақылымен, дарынымен заманауи

Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға танытатын «100 жаңа есім» деп аталады. Қорытындыда Президент: «Мен барша Қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін», - деді. Ал, кейбір жас буын өкілдерін еліміздің қазіргі ахуалы мен саяси жағдайлары ойландырмайтыны белгілі. Сондықтан да жастарға бұл мақала туралы кішкене болса да түсінік беріп, жастарды рухтандыру үшін жаратылыстану-география факультетінің студенттеріне факультетіміздің 3-курс студенті Ақтанова Самал, 4-курс студенті Махмудова Айсана және мен семинар өткіздік. Студенттер де мақала жайында өз ойларымен бөлісіп, белсене қатысты. Мақаланы оқи отырып, Елбасымыздың әрбір сөзі білімді шыңдай түсуге, еліміздің дамуына өз үлесімізді қосуға деген талпыныс пайда болды. Өйткені еліміздің дамуы әрбір азаматтың өзін дамытудан басталады. Елбасымыз мақаласында болашаққа бағдарды айқындап берді, осы бағдармен өзімізді дамытып, рухани жаңғыру, еліміздің деңгейін көтеру – біз секілді жастардың қолында.

Сымбат ТҰРЛЫМАНОВА

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика факультеті, дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы бөлімінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласымен таныстыру және талқылау мақсатында 6М010800 дене шынықтыру және спорт бөлімі магистранттарының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді.

БІЗ ДЕ ҮН ҚОСАМЫЗ!

Мақсаты - Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту; Студенттердің бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, туған жерді қадірлеу, Елбасымыздың 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау мен латын әліпбиіне көшуге қолдау білдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Дөңгелек үстелге педагогика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Габдрахманова Шынар Түлегеновна, дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Испулова Роза Набиевна, кафедраның оқытушылары мен 1-курс студенттері де шақырылды.

Дөңгелек үстелдің бастамасында сөз алған М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың дене шынықтыру және спорт бөлімінің 1-курс магистранты Тұртаев Тиышбай Мамытбайұлы Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» ой-толғауын студенттерге баяндап және презентация арқылы көрсетіп, Елбасы мақсатының дұрыстығы мен көрегендігін, осы мақалада айтылған барлық жоспарлар еліміздің дамыған отыз елдің қатарына енуі үшін жасалған қадам екенін өз ойыммен жеткізе білді.

Университетіміздің түлегі, Ақжайық футбол клубының ойыншысы және жаттықтырушы Еркін Олегұлы өз жұмысында осы бағыттармен жұмыстанып жүргенін айтып өтті. Содан кейін сөз алған Галимат Арматұлы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған спорт мектебіндегі өзі тәрбиелеген оқушыларының жеңістерін айтса, Шархан Қабиоллаұлы шағын жинақтық мектеп жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Абилайқ Арманұлы №1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі жетістіктеріне тоқталды. Барлық магистранттар өз жұмыстарының Елбасы ой-толғауы мен Жолдауына сәйкес жұмыстанып жатқандығын баяндап, презентация арқылы студенттерге көрсетіп, мақсатымыз айқын, бағытымыз бір екенін дәлелдеді. Үстел басына жиналған студенттер ақпарат келтірілген презентацияны көріп, баяндаманы тыңдап, рухани жаңғыруға қатысты өз пікірлерін білдірді.

Дөңгелек үстел мазмұнды және нәтижелі өтті.

Туашбай ТУРТАЕВ

Елін сүйген, елі сүйген - Елбасы

Жарық дүние есігін ашқан әр адам тарих сахнасында өзіндік бір орнын қалыптастырады. Кейінгі өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі болып қалу үшін ерен еңбегің не болмаса игі істерің, қай кезде де сенің атыңды өшірмес жасаған жақсылықтарың болуы қажет-ақ. Осындай қасиеттерге ие тұлғалардың бірі ретінде тұңғыш Президентімізді мақтанышпен айтар едім. Жоғарыда айтылған сипаттаулардың өзі бұл жан үшін аздық етер. Н.Назарбаев - қазақтың маңдайыны біткен бағы, жұртын замана көшімен бірге алып келе жатқан тамаша көшбасшысы. Қазақ тарихында есімі алтын әріптермен жазылар құрметті ұлы тұлға!

26 жыл бұрын тәуелсіздікті жариялау бақытына ие болғанбыз! Осы уақытта қазақ халқы өз таңдауын жасап, Н.Назарбаевтың қолына тұтас елдің тағдырын сеніп тапсырған болатын. Халқымыз әсте қателеспепті. Ол кезде мемлекетіміз тәй-тәй басқан сәби секілді еді. Енді, міне, қазір дүйім дүниеде өзіндік орнын қалыптастырған, саяси бағдары мен бағыты бар, шекарасы шегенделген, мемлекеттік рәміздері бекітілген елге айналдық. Аз уақыттың ішінде тәуелсіздігін әлем мойындаған, халықаралық аренада жаңа деңгейлерге көтерілген мемлекеттер қатарына қосылдық. Осы 26 жыл бойы Н.Назарбаев ел қамқоршысы болып келеді. Осынау жылдар ішінде мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын, экономикасын тұрақтандырып, жоғары деңгейге көтерді, халықтың әл-ауқатын жақсартты, олардың игіліктері үшін тамаша бастамалар жасады.

Халықаралық деңгейдегі түрлі шараларға бастама жасап, ТМД, ШЫҰ, Кедендік одақ секілді ұйымдардың құрылуы, Отанымыздың жүрегіне айналған Астана

қаласын тұрғызу, 50 бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекеттердің қатарына енуі де Президентіміздің ерен еңбегінің арқасы. Президентіміздің бастамасымен «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспарлары жасақталды, халық үшін қаншама білім ордалары, балабақшалар, ауруханалар, тұрғын үйлер бой көтерді. Күні кеше ғана Астана қаласында өткен ЕХРО көрмесін ұйымдастыру мәртебесіне ие болуымыз да Елбасымыздың мәртебелі істерінің бірі.

Татулықты, ынтымақ пен достықты ту еткен қазақ халқы ежелден-ақ ешкімді жат көрмеген. Бір елде, бір ту астында жүз отыздан аса ұлт өкілдерінің бас қосып, тіршілік етуі қазақтың қанына сіңген бауырмал қасиетінің, әрі Елбасымыздың елді бірлікте, тұтастықта ұстай ала отырған кемеңгер ойының арқасы.

Бабаларымыз талайдан аңсаған азаттыққа қолымыз жетіп, мемлекет ретінде қалыптасып, баянды болашаққа қарай жаңылыспай нық қадамдар басып келе жатқанымыз Елбасымыз бастаған көштің бара жатқан бағыты дұрыс, болашағының жарқын екендігін көрсетеді.

Президентіміз «Қазіргі заман - өзіне сенетін арманы мен осы арманды іске асыруға ерік - жігері бар дарынды, қажырлы адамдардың уақыты» деген болатын. Ендеше, осы заманды құрушы мына біздер! Нұрлы болашаққа бастар қадамымызды нық сеніммен, үлкен үмітпен басуға тиіспіз! Шежірелі тарихымыздың ізін жалғар, Президентіміз салып берген дара жолды жалғастыру - жастарға берілер енші. Осы бізге аманат боп берілер бағалы байлығымызды сақтай білейік! Жүрегі елім деп соққан әр азаматтың теңізге тамған тамшыдай болсын әрбір жақсы істері тек еліміздің игілігі үшін болса игі еді. Әрбіріміздің жүрегімізде

отан сүйгіштік рухымыз мықты болғанда ғана тұғыры шайқалмас мәңгілік ел болмақпыз!

1 Желтоқсан - Тұңғыш Президент күні. Халықтың мақтанышы, бүгінгі заманның көрнекті саясаткері, әлем мойындаған жас мемлекетті қалыптастырған, Астанадай әсем қаланы тұрғызған Елбасымызға берілген күн. Бұл тамаша мейрам кейінгі жас ұрпақ үшін тек жақсылығын сыйлары сөзсіз. Олар осы мейрамды тойлай отырып, дәл осындай бейбіт мемлекетті құрған тұлғаның кім екенін біліп өсетін болады.

Ақылы мен дарынын, қажыр-қайратын, жиған тәжірибесін елінің абыройын асқақтатып, одан әрмен гүлденіп, көркеюіне жұмсап келе жатқан біртуар перзент қандай құрметке болсын лайық! Тәуелсіздік атты бақ құсын қолымызға қондырып, елімізді осындай деңгейге көтергені үшін, жаһанға аты жайылған елге айналдырғаны үшін халқымыз дән риза. Ұлылықтың үлгісін көрсете білген Елбасымызға қазақ елінің айтар алғысы шексіз!

*Айсана МАХМУДОВА,
География мамандығының 4-курс студенті
Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкірт ақылы иегері*



Ақсақалы бар елдің жасы да ардақты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің география кафедрасының ардагер ұстазы Чернышов Дмитрий Михайловичтің 80 жас мерейтойына орай келесі шаралар ұйымдастырылды.

16 қараша күні ардагер ұстаз Д.М.Чернышов М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, профессор А.С.Иманғалиевтің қабылдауында болды. Қабылдау барысында университет ректоры А.С.Иманғалиев адагерді құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады.

17 қараша күні жаратылыстану-география факультетінің ұйымдастыруымен ардагер ұстазбен кездесу өтті. Аталмыш шараға факультет оқытушылары, ұстаздың алдын көрген студенттері, факультет студенттері қатысқан болатын.

Чернышов Дмитрий Михайлович 1937 жылы 4 қарашада Тверь облысы (бұрынғы Калинин облысы) Нерль ауданы (бұрынғы Калязин) Андреев деревнясында дүниеге келген. Андреев деревнясында бастауыш білім алып, кейін Андреев деревнясынан 4 шақырым жалғастырып, орналасқан Воронцово селосында білімін қалғастырып, 8-10 сыныпты Нерлдегі аудандық мектебінен 1955 жылы аяқтаған. Аудандық ВЛКСМ шешімімен Нерл орта мектебіне аға пионер тәлімгері қызметіне жіберіледі.

Мектепте бір жылдай қызмет жасап, 1956 жылы Тимирязев ауылшаруашылық академиясының экономика факультетіне оқуға қабылданып, аталмыш оқу орнын 1961 жылы аяқтап шығады.

1960 жылы дипломалды сараманнан өту үшін Батыс Қазақстан облысына экономист маман ретінде жерге орналастыру экспедициясына жіберіледі.



Осы кезеңде «Бұлдырты» совхозының территориялық ұйымдастырылуы жөнінде дипломдық жұмысқа қажетті материалдар жинақтап, 1961 жылы жерге орналастыру экспедициясының шақыруымен Орал қаласына жұмысқа келеді.

1965 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының экономикалық география кафедрасының аспирантурасына оқуға түсіп, доцент Г.Е.Москалевтің жетекшілігімен жұмыстанады. 1976-1981 жылдары экономикалық география кафедрасының меңгерушісі, бірнеше жыл факультет деканының орынбасары, 1987-1990 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарып, оз ортасында абырой-беделге бөленеді.

Ерсин АЙМАНОВА,
Жаратылыстану-география
факультеті деканының орынбасары



Чету супругов - ветерана Великой Отечественной войны Калама Жумашевича Суюншалиева и его супругу Фарузу Ниетовну Султанову принял ректор университета, академик А.С.Иманғалиев, отметивший их огромный семейный вклад в развитие и становление старейшего вуза Казахстана. Шутка ли, Калам Жумашевич отдал университету 60 лет, Фаруза Ниетовна-40! Руководитель вуза подчеркнул весомую роль педагогов и сотрудников старшего поколения, причастных к подготовке высококвалифицированных специалистов, работающих сегодня во всех уголках страны. Отдельно говорилось о семье, вырастившей умных детей, достойно продолжающих дело отца и матери.

Поздравить свою многолетнюю коллегу с букетами цветов пришли сотрудницы библиотеки разных лет: Галина Адиевна Ниязбекова, Гульжан Тулегеновна Бурекешева, Елена Георгиевна Герасимова, Галина Юрьевна Морозова, Анна Ивановна Яковенко, Ольга Павловна Зинченко, Зоя Хайрекенова, Майра Косымова и Ляззат Курматаева.

Каждая из гостей нашла добрые, проникновенные слова, полные уважения и признания в любви к Фарузе Ниетовне, работнице и матери, личности с большой

Признание по праву

24 ноября праздничная обстановка царил в научной библиотеке университета. Приходящих встречал фотографический стенд, посвященный ветерану библиотечного дела Фарузе Ниетовне Султановой, отмечающей в эти дни славное 80-летие. Подлинным эпиграфом этого вечера могли бы стать слова самого ветерана, вынесенные во главу фотостенда: «Почему из сотен профессий я выбрала библиотекарю? Любовь к чтению? Не только это. Главное, по-моему, человек дающий книгу несет людям свет, познания, помогает через книгу преодолеть свои сомнения, разочарования, испытать истинные минуты счастья.»

буквы. Те, кто делал свои первые шаги в библиотеке, вспомнили огромное чувство такта Фарузы апа, ее терпеливость, умение поддержать в самые трудные минуты. Сверстницы говорили о ее трудолюбии, готовности браться за любое дело в те далекие годы, когда в библиотеках было и холодно и сыро, работа при многочисленных переездах и переустройствах книготек

была чисто физической. Коллеги вспомнили добрым словом отсутствующих и ушедших из жизни ветеранов, спели песни своей молодости. Фаруза Ниетовна поблагодарила руководство университета и библиотеки за теплый прием, вспомнила годы студенчества в трудные послевоенные годы, большой, незабываемый период работы в библиотеке, пожелала сегодняшним молодым сотрудникам творческого подхода к делу и семейного благополучия. Еще раз отметив, что человек сам созидатель своего счастья.

Н. КУАНГАЛИЕВ.



Долгожданный фестиваль «Новая волна» вновь удивил своих зрителей. 17 ноября по доброй традиции прошёл ежегодный масштабный фестиваль «Новая волна» среди высших учебных заведений нашей области, в котором приняли участие талантливые первокурсники. Авторитетное жюри, отобрав лучших исполнителей, представивших свои номера в разных номинациях, наградило их дипломами.



Наш вуз занял I место в номинации «Көркем сөз», II место в номинациях «Аспаптарда ойнау», «Лучший студенческий клуб» и «Менің оқу орным», III место заняли ведущие, а также участники в номинации «Үздік жеке туынды». «Новая волна» проводится уже в четвёртый раз, в этом году этот фестиваль тематически был связан с программной статьей главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Соревновались четыре крупных вуза нашей области: ЗКГУ им.М.Утемисова, ЗКАТУ им.Жангира-хана, ЗКИТУ, КАЗИИТУ. Конкурс позволяет объединять активистов, расширять возможности студенческого самоуправления всех университетов. Данный проект позволяет студентам раскрыть свой творческий потенциал и показать себя, реализовать яркие идеи, познакомиться с интересными творческими личностями, обрести новых друзей. Этот долгожданный фестиваль обычно проводится в ноябре, а подготовка,

репетиции и отбор номеров в учебных заведениях проходит в середине-конце сентября каждого года.

«Новая волна» все популярнее в нашей области, ведь соревнуются первокурсники в самом начале новой студенческой жизни», - говорит организатор фестиваля и председатель молодёжного общественного объединения «Заман» Окшебаев Асхат Ерболатович.

На концерте было место и трогательным стихам, и оригинальным хореографическим выступлениям, и национальной музыке. Все выступления были очень яркими и запоминающимися. Когда выступающие на сцене старались передать прекрасную атмосферу, вкладывая все силы в каждый номер, в зале за них болели и поддерживали их однокурсники и старшекурсники, сопровождая концертные выступления бурными аплодисментами и зажигательными речевками.

Знай наших!

Наш университет всегда славился своими успехами в образовании, науке, спорте и много другими достижениями. Но также известно, что добрая молва об университете идет не только из научных лабораторий и со спортивных площадок, но и с конкурсов инновационных проектов. Недавно состоялся финал национального конкурса социальных проектов среди молодежи «Менің арманым!», где наша студентка Мусирова Зердегуль прошла в финал и завоевала почетное второе место, лишь чуточку уступив победителю.

Цель данного конкурса – раскрытие и развитие социальной активности, критического мышления и творческого потенциала казахстанской молодежи. Этот конкурс устремлен на поддержку социальных проектов, которые реализуются в рамках идей, озвученных Президентом Н.А.Назарбаевым в его программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

В конкурсе приняли участие граждане в возрасте от 14 до 29 лет, среди них объективное жюри отобрало наиболее

ее реализовать. И у Зердегуль это почти получилось, она рассказала всей стране о своем уникальном проекте. Хотя она и не ожидала, что дойдет до финала, но все равно надеялась, что ее проект не останется незамеченным.

- Ощущения потрясающие!,- говорит Зердегуль,- вначале я очень переживала и волновалась. А сейчас я просто счастлива! Я чувствовала большую ответственность, ведь выступала не только от имени университета, но и от области. Для меня это огромная честь, и я думаю, я выступила достойно. Больше всего мне было

Победа студента - Победа всего университета!

интересные, неординарные, социально значимые проекты и общепользные инициативы, их допустили к отборочному туру, где лучшие из них были представлены в финальной борьбе. Работы оценивались по трем основным критериям: неординарность идей, неординарность подачи материала, полезность обществу и окружающему миру и, конечно же, финансовая привлекательность в будущем. Оценить проекты предстояло профессиональному жюри, в него вошли известные бизнесмены, политики и общественные деятели Казахстана.

Название конкурса соответствует самому конкурсу, так как это смотр не просто социальных проектов, но и возможность каждого выразить не просто свою мечту мечту о том, как он хочет изменить мир, но и реально попробовать

надо оправдать надежды детей с ограниченными возможностями, с которыми я работала, так как они очень надеялись. А мой проект – это приспособление, значительно облегчающее детям-инвалидам прием пищи. И жюри дало положительную оценку моему проекту, в том числе известная ведущая Айгуль Мукей. Она отметила, что моя работа инновационная и пожелала успехов в реализации его. Конечно, я буду работать над ним еще больше и лучше, ведь это только мои первые начинания.

Я хочу выразить огромную благодарность своему научному руководителю Альфии Сырымкожиевне, которая способствовала созданию моего уникального проекта! Призываю всех студентов, обучающихся в университете, заниматься как научной деятельностью, так и инновационной!

Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп, хакім Абай атамыз айтқанындай, ұстаз – ұлы есім. Білім кеңістігіне қадам басып, өз сара жолыңды қалыптастыруыңа ұстаздардың тигізер пайдасы мол. Оқу-білім теңіз десек, сол теңізде өз желкенін нық ұстап, тура бағытқа бағдар беріп келе жатқан ұстаздарымыз қаншама! Бүгінде сол ұлағатты тұлғаларымыздың бірі және бірегейі, филология ғылымдарының кандидаты Шайекенов Жангелді Жұмақайұлы 60 жасқа толып отыр.



Ұстазымыздың мерейтойын Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қалыс қалдырған жоқ. Мерекелік кеш өз деңгейінде аталып өтілді. Университетіміздің белсенді студенттерінің бірі Шығыров Асланбек кеш жүргізушісі болды. Сонымен қатар ұстазымызға арнап басқа да талантты студенттеріміз өз өнерлерін ортаға салды. Бұл кешке жиналған қонақтарымыз Жангелді Жұмақайұлына сауалдар қойып, оның біз білмейтін қырларымен таныстырды. Ал, ұстазымыздың өзі айтылмаған сырларымен бөлісті. Кеш риясыз, ашық түрде өтті. Отырыс соңына қарай Жангелді Жұмақайұлының әріптестеріне сөз беріліп, игі тілектер жолданды.

Сөзімізді қортындылай келе, Шайекенов Жангелді Жұмақайұлын тағы да мерейлі жасымен құттықтап, өзіңіздей нар тұлғалы ұстаздарымыз көп болсын дегіміз келеді.

Нұхы ЖАМБЫЛ,
фил-33 топ студенті



И знайте, мечты сбываются!

Этот конкурс можно было увидеть по национальному каналу «Хабар», в одной из программ показали сюжет, посвященный нашей области, университету и семье Зердегуль. Наша студентка рассказала столичным гостям об историческом прошлом Уральска, об университете и своей малой родине – Жангале.

Мусирова Зердегуль – студентка 4 курса специальности «Педагогика и психология» педагогического факультета, активистка университета, обладательница Президентской стипендии, призер республиканских и областных конкурсов инновационных проектов. Пожелаем ей успехов в будущем и достижения целей!

Айша КЕМЕШОВА

Қайсар рухты қару етіп, бостандық үшін күрескен бабаларымыздың еркіндік жолындағы шайқасы бүгінгі таңда көк туын жоғары тіккен еліміздің тәуелсіздік тұғырын асқақтатты. Осы ұлттық мереке қарсаңында қара шаңырағымызда небір мерекелік шаралар өтуде. Солардың бірі – БҚМУ ЖҰЛДЫЗЫ-2017.

Университетіміздің ең дарынды да алғыр, зерек те еңбекқор студенттерінің басын біріктірген бұл шара 7 желтоқсан күні бас ғимараттың акт залында өтті. 9 аталым бойынша мықтылардың мықтысы анықталып, ректор атынан арнайы Алғыс хатпен марапатталды. Салтанатты кештің ашылуы университет басшысы, академик, п.ғ.д. Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің сөзімен басталды. – Құрметті бүгінгі үлкен шараға қатысушылар! Бұл шара ұлттық мерекемізге байланысты ұйымдастырылып, 9 номинация бойынша үздік студенттерді марапаттап жатырмыз. Әр студент бойындағы жақсы қасиеттері мен дарынын сынауға мүмкіндік алды. Бұл тек жай сөз емес, бұл - шынымен де, үлкен мүмкіндік - деп, өз қолынан университет қабырғасында түрлі салаларда еңбек сіңірген студенттерді арнайы дипломдармен марапаттады.

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Түймеш Малбағарқызы Дәрішева өз сөзін ректорға алғыс білдірумен бастап, студенттердің белсенділігін ерекше



атап өтті. «Егенменді елдің бар жақсылығын сендер көріп жатырсыңдар және 30 дамыған елдің қатарына ену үшін сендер де үлес қосып, еңбек етудесіңдер»-деп, ризашылығын білдірді. Кеш барысында ән мен биден шашу шашылып, марапаттау рәсімі өтті.

Сараптаудың нәтижесінде 9 номинация өз иелерін тапты. Олар:

«Үздік студент» - Айдана Дузбасова;

«Үздік ғалым» - Зердегүл Мүсірова;

«Үздік жас тілші» - Айша Кемешева;

«Үздік көшбасшы» - Жұлдыз Атшыбаева;

«Үздік спортшы» - Аслан Өтеғалиев;

«Үздік жас талант» - Ерназар Жұбан;

«Үздік пікірталасшы» - Сымбат Амалова;

«Үздік ерікті» - Зарина Ихсанова;

«Үздік топ» - Филология факультетінің 02405- тобы.

Әрқайсысы - өз ісіне берілген, үздік оқуымен, алғыр мінезімен көзге түскен белсенділер. Елбасы да,

ұстаздар қауымы да тоталитарлық жүйе мен коммунистік идеологияның қыспақтарын көрмеген, азат елдің азат ойлы жастарына үлкен сенім артуда. «БҚМУ ЖҰЛДЫЗЫ» кешінің де мақсаты - жалындаған жастардың жүрегіне рух беріп, елі үшін еңбек етуіне ықыласын арттырып, келешекте де зиялы жас өркен тәрбиелеу. Жарқыраған жұлдызың жүрекке нұр сыйлап, жарқыратсын жер жүзін, Махамбет ұрпағы!

Сая ДҮЙСЕНБАЙ

Happy GIS Day

Сіздерді ерекше мереке, Дүниежүзілік ГАЗ мерекесімен құттықтағым келіп отыр. Бұл күнді бірі білсе, бірі біле бермейтін шығар. ГАЗ – Халықаралық Геоинформатикалық ақпараттар жүйесі күні. Аталмыш күн әр жылдың қараша айының әр сәрсенбісі тойланады, қызығы бұл мереке америкалық ірі компаниялар мен ұйымдардың (Ұлттық географиялық ұйым, USGS, Sun Microsystems, Hewlett-Packard, ESRI) шешімімен 1999 жылдан бері тойланып келеді және геоинформатиктерге арнайы осы күні демалыс беріледі екен.



Гаж немесе Геоақпараттық жүйе дегеніміз кеңістіктік мәліметтерді және олармен байланысты және кеңістіктік емес мәліметтерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, талдауды және көрсетуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе, сонымен қатар олардың негізінде географиялық кеңістік туралы ақпараттар мен білімдерді алу. ГАЗ тек қана географтарға арналмаған, егер сіз құрылысшы, экономист, саясаткер, мұнайшы, әскери адам, шағын кәсіпкер иесі, аграром, тіпті көне жәдігерлерді іздеуші болсаңыз да – ГАЗ сіз үшін таптырмас құрал болып табылады. Яғни, біз ГАЗ арқылы өзімізге қажетті ортаның кез келген кеңістіктік ақпаратын аламыз.

Ендеше біз сөз етіп отырған ГАЗ мына қызметтерді атқара алады:

Жаңа өндіріс орны, дүкен немесе банк бөлімшесінің орналасу жерін тұтынушыларға, шикізат қорына, сауда орталығына жақын жерден таңдау.

Жер қорын игеру және ғылыми ізденіс саласында – мұнай және газ, басқа да пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестірудің үш өлшемді моделін пайдалануға мүмкіндік береді, жалпыгеологиялық және геофизикалық зерттеулер бойынша жоғары дәрежеде қорытынды шығарады.

Жеке навигатор – қазіргі таңда ГАЗ барлық көліктерде навигатор ретінде орнатылған және сіз үшін қала ішінде ең қысқа жолды немесе қай жерде кептеліс боп жатқанын да көрсете алады.

Ұялы телефон навигаторы – навигаторлық чип және функционалды ГАЗ жүйесі кез келген қолданушыға ыңғайлылық тудырады: сіз тұратын қала немесе өңірдің кеңістіктік мәліметтерін өзіне көшіру арқылы кез келген қажетті нысан туралы ақпарат бере алады және сізге жарнамалар да ұсынады. Қалаған жеріңізге қалай баруға болатынын, қай мезгілде ашылып, қай мезгілде үзіліске шығатынын, егер кафеге барғыңыз келсе орташа чек қанша болатынын жайлы ақпаратты сіз үйден шықпай-ақ, тіпті интернет желісіне қосылмай-ақ біле аласыз.

Қазіргі таңда ГАЗ әлемге өте танымал, дүние жүзінде 1000-нан астам ұйымдар мен 80-нен аса елдер жыл сайын ГАЗ мерекесіне үлес қосады. Олар ГАЗ-дың соңғы жетістіктері мен жаңалықтары туралы студенттерге, оқушылар және кез келген қызығушылық танытушы адамдарға арналған түрлі шаралар, көрмелер, семинарлар және ашық сабақтар ұйымдастырады. Ендеше, баршаңызды ГАЗ мерекесімен құттықтаймын, елімізде ГАЗ-дың қолданылу аясы кеңейе берсін!

Гүлзира НАЗАРОВА,

Жаратылыстану-география факультетінің 4-курс студенті

2017-2018 oqy' jyly da aiaqталy' g'a jaqyn. Jyl son'ynda jyl boi'y atqarylg'an barlyq isterge esep berileri de haq.

Tag'ylymy mol kezdesy'

2017 jyldyn' 30-yns'y qaras'asynda Qazaqstan Respy'blikasynyn' Tun'g'ys' Prezi'denti ku'ni qarsan'ynda y'ni'versi'tet rektory p.g'.d., akademi'k l'mang'ali'ev Ashot Sa'limuly y'niversi'tet sty'dentterimen kezdesti.

Elbasymyzdyn' sarabdal sayasatyn jaqsy tu'sinetin sty'dent jastardyn' Tun'g'ys' Prezi'dent ku'nine oray y'ni'versi'tet rektorymen kezdesy'ge ynta bildiry'inde de u'lken ma'n jatyr. Elbasy bastag'an el sai'asatyna qatysty jan'as'yldyqty qostay's'y, a'rdai'ym sty'dentterine el sai'asatyn erkin ug'ny'g'a mu'mkindik jasay's'y oqu ordamyzydyn' bass'ysy, Ashot Sa'limulymen kezdesy' biz u's'in «Prezi'dent komandasynyn'» mu's'esimen pikir almasy' bolyp tabylady.

Kezdesy'ge 70-ten astam sty'dent qatysty. Olar: «sty'denttik o'zin-o'zi basqary'» ui'ymynyn' mu's'eleri, 'Tun'g'ys' Prezi'dent atyndag'y atay'ly s'a'kirtaqy i'eleri, «QRTun'g'ys' Prezi'denti- Elbasy qorynyn'» sti'pendi'at-tary, respy'bli'kalyq, halyqaralyq bai'qay'lardyn' jen'impazdary, y'ni'versi'tet qabyrg'asynda jumys jasad jatqan otyrg'an u'i'ym, birlestik jeteks'ileri, Ma'n'giliik El jastary- i'ndy'stri'ag'a «Serpim-2050» a'ley'mettik jobasy bilim grantynyn' i'egerleri'. Emin- erkin as'yq a'n'gime barysynda belsendi jastar o'z oilaryn a'serli jetkize otyra, o'zderi qol jetkizip otyrg'an jetistikteri ty'raly da so'z etti. A'rdai'im qandai'da bolmasyn bastamada qolday' ko'rsety'ge dai'yn turatyn y'ni'versi'tet bass'ylyg'yna alg'yystaryn jetkizdi. S'yn ko'n'ilden s'yqqan sty'dentter alg'ysy birigip s'yraqag'an «ay'ylg'a baram» a'nimen qorytyndylyndy. Y'niversi'tet rektory o'z so'zinde a'r sty'denttin' jetistigine s'yn qy'anatynyn jetkizip, a'rdai'ym g'ylym, bilim, jan'as'yldyq jolyna bag'yt alg'an sty'dentterge qas'anda ko'megin ai'amai'tynyn jetkizdi. Qazirgi a'lemnin' zamanay'i' talaptaryna sai' keletin, syn- qaterlerine lai'yqty to'tep беретin sapaly bilim aly'dyn' man'yzdylyg'yna basa nazar ay'dardy. Tun'g'ys' Prezi'dent ku'ninin' a'rbir qazaqstandyq u's'in man'yzdy ekenin atap o'tti. Kezdesy' son'ynda Ashot Sa'limuly aldag'y y'aqytta atqarylar birqatar s'ary'alarg'a toqtalyp, a'rdai'ym bastamag'a sa'ttilik tiledi.

Jastarg'a ry'hani' azyq syi'lai'tyn tag'ylymy mol kezdesy'ler jalg'asyn taba bersin dep tilek bildire otyra, y'ni'versi'tet jastary atynan senimdi aqtay'g'a ja'ne o'z salamyzydyn' u'zdigi boly'g'a barymyzdy salamyz dep y'ade beremiz.

Ай'dana ДY'ZBASOVA,

«QRTun'g'ys' Prezi'denti- Elbasy qorynyn'» sti'pendi'aty

Жастайымнан қазақы тәрбиені, ұлттық дәстүріміз бен мәдениетімізді сіңіріп өскен мен үшін «елім мен жерім» деген сөздер аса қасиетті ұғымдар. XX ғасырдың азулы ақыны М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» атты өлеңі мен үшін, жігерлі жастар үшін жалынды ұран, қазақша мотивация. Қазіргі қым-қиғаш, «шығыс» ақпарат заманында еліміз үшін қандай қызмет істей аламыз деген сауал – бәрімізді мазалайтын басты сұрақ. Алаулатып-жалаулатып, құр сөйлейтін уақыт өтті, қазіргі кез - нақты істің кезі.

Жүрек қалауымен таңдаған мамандығым – құқық, заң саласы болғандықтан, мемлекет тарапынан құқықтық



сауаттылық, құқықтық мәдениеттілік, өз құқығын білу, заңды сауатты білу мәселелері қозғалып отырғаны мені өте қуантады. Қалың бұқараның заңға деген сенімі, жаңашыл көзқарасы, заңды сыйлау, сақтау ұғымы, сот арқылы қорғану, сотқа деген сенімді жоғалтпау жөнінде көзқарастардың қалыптасуы да елдегі оң өзгерістердің бірі. «100 нақты қадам: 5 институционалды реформа», Елбасы жолдаулары, сондай-ақ құқық қорғау мен әділсоттылықты жүзеге асырушы органдардың қызметі – оң өзгерістерді әкелуге септігін тигізген негізгі күш десек болады.

Дамыған елдердегі сияқты біздің елімізде де заң әділ, заңгер турашыл болса екен деп тілейміз. Болашақта заң саласында қызмет еткім келеді. Ата-бабаларымыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Өтіріктің құйрығы-бір-ақ тұтам» т.б. мақалдары арқылы дала заңына сүйене отырып, тентегін тезге салып отырған. Соңғы уақытта ел арасында сауда-саттық, қарым-қатынас, барыс-келіс қана емес, дәстүр, ұлт, тіл, мәдениетке байланысты «ұлы» ұғымдардың да өзгеріске ұшырап, құлдырап жатқаны жанды ауыртады. «Жаһандану» процесі жолындағыны жойып, кейбір ұлт пен ұлыстарды жер бетінен құртып жіберуге дейін апаруы мүмкін. Осы кезде «ел, дәстүр, тәрбие» мәселесіне аса сақ болу керек. «Адам ақиқатты сүйіп, өмірден мән-мағына іздеген сайын кие оның жүрегіне сіңе береді. Шындықты өміріне серік еткен адам кие мен құдірет дарыған зиялы кісіге айналады. Біздің заманның адамдары кие мен құтқа селқос қарағандықтан, өз бойынан кемел қасиеттер таба алмайды. Білімге талап қылған адам оның киесін де игеруді мақсат тұтсын. Сонда ғана ол адам өмірі өлмейтін құндылық жасап шығарады. Киеге күле қарап, білімге ғана басымдылық бергендер салт-дәстүрдің шарапатын терең түсінбейді» - деп жазған ирандық ғалым Саид Хусеин Насердің пікірімен келіспесе болмайды. Өйткені, салт-дәстүрді терең меңгерген тұлғаның тағы бір артықшылығы –кез келген мәдени экспансияға қарсы тұратын рухани иммунитет қалыптасады. Мемлекет пен қоғам бар жер-де қылмыс та болады. Ол түпкілікті жойылып, қылмыс атаулының болмауы мүмкін емес. Дегенмен, қылмыспен күресу, оның алдын алу, қылмыстың болмауына ықпал етіп, кедергі жасау – біздің міндетіміз. Қоғамда күш алып келе жатқан кеселдер – жезөкшелік пен педофилизм. XXI ғасырдың бұл дерті қалың сахараны дүр еткізді. Мұндай «дерт» бұрын ашық айтылмаған. Бұл да адам пиғылының бұзылғанына, қоғам ауруының асқынғанына дәлел.

Жезөкшелік сонау Ібіліс заманынан басталыпты-мыс. Ібіліс қарғыс қамытын киген соң, ерлі-зайыптының арасына от салып, ажыратып жіберуді кәсіп етеді. Иманы әлсіздерді зинақорлыққа азғырады екен. Осындай лас

іспен айналысып, қарғыс алғасын екі өкшесі ойылып түсіпті. Жұрт осыдан кейін оны «жезді өкше, жезөкше» деп атапты. Жеңіл жүрісті әйелді осыдан кейін «жезөкше» деген екен.

Ел арасын қандай жаугершілік, аштық, соғыс дерті жайласа да ел намысын таптатпаған еді. Халқымызда «Әйел әлемді тербетеді» деген түсінік ерте қалыптасқан, ел жат қылықты адамды білсе, оны «қара есекке теріс мінгізіп» жібереді екен. Одан асқан «таңба» болмаған, ұяты тіпті өлімнен де күшті болса керек. Ал «қызға қырық үйден тыю, одан қалса қара күннен тыю» деп тәртіп беріп, мақалдата отырып, қыз-келіншектерді, бойжеткен

Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?

қыздарды тәрбиелеп отырған. Бүгінде шашын жайып, санын жалтыратып, қысқа етек киіп жүрген қыздарды көргенде ұялатын болдық. «Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді» демекші, қыз баланың тәнін жалаңаштап, әурет жерлерін көрсетуі, ұятсыздығы жезөкшеліктің болуына, ар мен ұяттың кетіп, иманның әлсіреуіне бірден-бір себеп деп айтар едім.Осынша ғасыр бұрын айтып кеткен Мөңке бидің ой-толғауы қазіргі кезеңді дөп сипаттайды. Аңыздың ақиқатқа айналғанын көз көрді... Әйелдің жеке басына келсек, қыз-ана-әже, ұлт ұйытқысы, әйелі бұзылған елден зиялы ұрпақ тарамайды. Десек те, бұл мәселені бәріміз қоғам болып талқылауымыз керек деп ойлаймын. Бұл қателік, дерт неден туған? Абай атамыз қара сөзінде: «егер замандасың жаман болса, оның заманындағылардың бәрі виноват» - деген екен. Тіпті, Құранда да «Заманды кінәлау – Құдайға күпірлік еткенмен бірдей» деп жазылған. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін себепті заманнан емес, адамнан іздеуіміз керек.

Соңғы уақытта ашық айтыла бастаған тағы бір мәселе – педофилизм. Ел бастаған, найза ұстаған, басынан сөз асырмаған біздің намысты халқымыз үшін бұдан асқан масқаралық жоқ шығар. Ел қорғаған, отбасын асыраған, ағалар мен әкелердің өз қыздарын, қарындастарының ар-намысын қызғыштай қорып, маңайларына егде адамды жолатпағаны осы күнге дейін сақталып келген тәрбие болды емес пе?! Әйел адамдарды қойып, енді ер адамдарға көшкен қылмыстың дерті жиі БАҚ-та, ғаламтор беттерінде, ақпараттық байланыс құралдарында жиі айтылуда. Бұл ауыр шындық соңғы кездері жиі байқалып жүр. Бұлтартпас дәлел арқылы бұл аурудың белгілерін көрсеткен сот процестерін де көрдік. «Педофилизм» соңғы кезде тыныш ауылдарда, қалалық жерлерде, оңаша микрoаудандарда үйленбеген, бойдақ 30 бен 45,50 жастағы ер адамдар арасында байқалуда. Бұл адамдар томырық, тұйық, жасқаншақ немесе жылпос, қитұрқы мінезді болуы да мүмкін. Өмірде өзінің мақсатына жетпеген, іші тар, ызалы, ұр да жық, өзімшіл, кісіге сөзін өткізе алмайтын, кішіге

қырғидай тиетін, әлімжіттік жасағанды, мазақ еткенді тәуір көретін жан. Жасында сый көрмей, қорлық көрмегендіктен адамды сыйлау деген түсінік қалыптаспаған. Басқаның ісі алға басып, өзінің жолы болмағанына тағдырды, өзге біреуді кінәлайды?! Абай атамыз: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» -дегендей, бұл адамның көбі жұмыссыз болады. Бейкүнә сәбилер осы азғындардың құрбаны болуда. Қанша жас балалардың, жеткіншектердің болашағына балта шабылып, физикалық, моральдық, психологиялық соққы алып, жанбай жатып, өшуде?! Зардап шеккен балалар қоғамға қайтадан қосыла ала ма, өмірден өз орындарын дұрыс таба ала ма, моральдық, физикалық

соққының орны оңала ма деген сан түрлі сауалға жауап бере алмаймыз. Иә, өйткені бұл сұрақтар «иә» деген жауаптан «жоқ» деген жауабы басым, болжамды нәрсе. Бұл мәселені түгел жоймасам да, қоғам дертінен қалай шығамыз деген жолдарға мыналарды айтар едім:

Ұлттық тәрбиені сіңіру;
Діннің сауатты, белсенді әрекет етуі;
Медициналық емдеу;
Қоғамдық көмек(үкімет тарапынан көңіл бөлу);
БАҚ(теледидар, газет-журнал, ғаламтор) арқылы аталған ауру белгілері туралы кеңірек мағлұмат беру;
Мектептерде өзін-өзі тану оқулығына педoфил белгілері туралы түсінік беру;

Жоғары, орта сынып оқушыларына, қыздарға бұл мәселе жөнінде түсініктер беретін мектеп психологының жеке жұмысы болуы керек.

Міне, осындай жан-жақты қоғам, мектеп, үкімет, құқық қорғау саласы тарапынан көмек болып, жарнамаланған жағдайда бұл сұрақтың шешуі тарқауы мүмкін. Ұл мен қыздың азып, ұлттың тозып, азғындауына жол бермеуіміз қажет. Әрбір халықтың арманы – толыққанды, білімді, рухы мықты, ойы ұшқыр ұрпағым болса екен деген арман. Ата-бабаларымыз дені сау, дүниені дүр сілкіндірген рухы берік жандар болатын. Осындай бабалар ісін жалғастырушы жастардың, біздің, мойнымызда үлкен жауапкершілік тұр. Саналы, ұлтжанды болып қана қоймай, осы аманатты келесі буынға жеткізе білу – басты міндетіміз. Құқықтық салада жұмыс жасап, кәметекке толмағандардың ісімен айналысатын бөлімде (ювенальная полиция) жұмыс атқарып, осы бағытта адасқандарға тосқауыл болып, дұрыс жолға сала білсем – ол менің арнамымның орындалғаны, елімнің өркендеуіне қосқан тамшыдай үлесім болар ма еді?!

*Назерке ТҰРАРБЕК,
Құқықтану мамандығының 4-курс студенті,
ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері*

Тарихы терең, тағылымы мол Ұлы баба шаңырағы!

(«Менің университетім – менің мақтанышым!» ізімен...)

«Сіз өзіңізді мәдениет пен өнердің қайнаған қазанына шыңдауға келдіңіз! Сіз алға мақсат қойып, өз талантыңызды танытуыңызға тиіссіз. Себебі, бұл – ұлы баба шаңырағы! Дәл осындай рухты сөзден кейін мен өзімді тезге салып қайраған болатынмын. Бұл қыркүйек айының екінші жұлдызы күні марқұм деканымыз Мейрам Исатайұлының айтқан рухты сөзі. Алғашында бұл оқу орнына түскеніме көңілім толмағаны рас. Адам боп дүниеге келгеннен соң қанағат болмайтыны мәлім ғой, жүрек алысты ансайтыны хақ. Алатаудың самалына бір қансам ба деп жүргенде, ару Жайығым туған төсінен өз баласын босатпай қойды. Бір сөзбен, енді мен – атағы өз елімізден өзге бірқатар шетелдік университеттерге етене таныс, білім беру үдерісі жоғары деңгейдегі, 85 жылдық тарихы тасқа алтын әріппен жазылуға тиіс, елімізде алғашқы болып бой көтерген ең мықты университеттің студентімін! Құрылғанына 85 жыл толған оқу орны өз тарихында көптеген жетістіктерге жетіп, әлемдік аренада өз орнын көрсете алды. Сексен бес жыл – толағай табыс пен ғылыми өрлеу, мәдени даму, өрелі өнердің шырқау шегіне жетіп,биік белестердің бір арнаға тоғысқан шағы, білім беру мен ғылымды жетілдіру саласында орасан үлес қосып, көптеген шетелдік жоғарғы оқу орындарымен келісім орнатып, мүмкіндіктер алаңын кеңейтті, мақтанарлық тұс көп. Елімізге танымал тұлғалар да біздің университеттің түлегі. Кеңес Одағының екі мәрте батыры, ұшқыш – Леонид Беда, қазіргі таңда үкімет басындағы лауазымды биліктің иелері – Бірғаным Әйтімова, Энгельс Ғаббасов сынды тұлғалар білім алса, ҚАЗ-ның Ресейдегі елшісі

Иманғали Тасмағамбетов аталмыш оқу орнының жаратылыстану – география факультетінің түлегі. Мұндай елеулі азаматтарды жіпке тізсек шегі болмасы анық. Бұл - оқу орнының қажетті кадрлар дайындай алу шеберлігі. Бала күнімізде айтыстан жиі көретін, өр мінезді Жансая Мусина оқу орнын мәдени биікке көтеріп қана қоймай, өз ордаларында оқытушылық қызметте еңбек етіп жүр. Рухани әрі кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында қазақтың Қадыры, Жайықтың ақ шағаласы- Ақұштабы, күйші Тұяқберді Шәмілов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Әлібек Дінішев, шәкірт жүрегінде ерекшелегімен есте қалған Серікқали Шарабасов, облысымыздың бұрынғы әкімі Бақтығожа Ізмұхамбетов сынды қайраткерлер студенттерге білім беруде озық үлгі көрсеткен майталман профессор- оқытушылар құрамы. Осындай құраммен сан жылдар ғылым мен өнердің шамын жаққан біздің оқу орны өз тарихымен ерек. «Білімді бол,білімді талап етуші бол, білімді тыңдаушы бол, еш болмаса білім жолындағыларды сүй!». Осы даналықтан –ақ түсінуге болады. Бұл күнде айналайын Ақ Жайығымның еңсесі биік боз ордасы – Махамбет университеті. Атадан туған ардақты ердің еңселі ордасына именбей кіріп, ендігі жерде атын шығару - біздің міндет. Бұл – менің қасиетті қара шаңырағым, студенттік шағымның, ең керемет кезеңімнің себепкері мен куәсі. Себебі біз - өр батыр бабаның рухты ұрпағымыз! Мен өз университеттіммен мақтанамын және мақтан тұтамын!

*Гүлзинат ҚИБАТОВА,
Мәдениет және өнер факультеті*

28,29 қараша күндері Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Мен жастарға сенемін!» атты V патриоттық форум өтті.

Алматы - білім мен өнердің ордасы

Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған форумға төменде аталған 4 секция:

«Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жобалар байқауы;

«Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе байқауы;

«Мен жастарға сенемін!» тақырыбында студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар байқауы;

«Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық ән байқауы

бойынша еліміздің түкпір-түкпірінен мықтылар жиналып, 58 университет пен 400-ге жуық студент қатысты. Университет атынан 14 студент БҚМУ-дың мықтылығын дәлелдеуге бар күш-жігерлерін салды. Дүбірлі додада топ жарып Мүсірова Зердегүл (инновациялық жоба), Нухы Жамбыл (студенттік эссе) бас жүлдені иеленсе, Жұбан Ерназар (ән байқауы), Қалижан Еркеназ (поэзиялық шығарма) 2- орын алып, Ғинаят Жанерке (поэзиялық шығарма) 3- орынды қанжығасына байлады. Одан бөлек, Серік Жұбанұлы арнайы номинацияға ие болды. Әділқазы мүшелері мен профессор-оқытушылар құрамы университет студенттерінің білімі мен талантына тәнті болып, БҚМУ өз мықтылығын тағы бір дәлелдеді. Алматының ең мықты университетін мойындату - біз үшін, университет үшін зор мәртебе, үлкен қуаныш. Оның барлығы аяулы ұстаздарымыздың ерен еңбегінің арқасы деп білемін. Сондай-ақ, 2 күнге созылған форумда «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы мен «Каворкинг» жастар орталығының жұмысымен таныстық. Жеңімпаздарды марапаттау салтанаты Ө.А.Жолдасбеков атындағы



Студенттер сарайында өтті. Барлық қатысушыларға сертификат табысталды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде білім алып жатқан білімді, батыл студент-жастардың көп екеніне, олардың болашағынан көп үміт күтуге болатынына анық көзіміз жетті. Ұлтқа деген махаббат бойымызды кернеп, рухани жаңғыру аясында осы бір ұғымның нағыз қандай болатынын сезіндік.

Одан бөлек, Алматының көрікті жерлерін, Көк-Төбені, Алатаудың бөктерін тамашаладық. Алматы қаласында алғаш рет болсам да, бұл қала мені табиғатының әсемдігімен, жылы шырайымен қарсы алды. Студенттік соңғы жылымдағы бұл сапарым ғажап естеліктер мен ұмытылмас сәттер сыйлады. Алдағы уақытта да жеңістеріміз бен қуанышты сәттеріміз көп болып, университет абыройы асқақтай берсін демекпін.

Назерке ТҰРАРБЕК,
Құқықтану мамандығының 4-курс студенті,
ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртің иегері

М.Өтемісов атындағы

БҚМУ - жалынды жастар мекені

Адам баласының арманы көп болады ғой. Арман адамды алға жетелеп, батыл әрекеттерге итермелейді. Ал, нені қалай армандайсыз ол әр адамның өз ой өрісіне, өзіне деген сеніміне байланысты. Мені де арман жетелеп, осынау киелі қара шаңырақтың студенті атандым. Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі міне, осы білім қазынасы емес пе? Ал білім сипаты алуан түрлі.

Білім нәрінің асыл қазынасы жинақталған орда - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. Құрылғанына 85 жыл толған оқу орны өз тарихында көптеген жетістіктерге жетіп, әлемдік аренада өз орнын айқын көрсете алды. Университет ұжымы көп ұлтты Қазақстанның экономикалық және мәдени өсуіне, саяси-құқықтық өміріне, мәдениетіне, ғылым мен білім беру салаларына орасан зор үлес қосып, оқу ордасын еліміздің жоғары білім беретін оқу орындарының биік шыңына айналдырды. Университет көптеген шетелдік ЖОО-мен бірлесіп жұмыс жасайды. Мұнда оқитын әрбір студенттің шетелге шығып, өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндіктері бар.

Бүгінгі күнде университетіміздің қабырғасынан білім алған жоғары білікті мамандар өз елінің дамуына сүбелі үлесін қосуда. Сонымен қатар университет түлектері арасынан елге танымал саясаткерлер, ғалымдар, жазушылар шығуда. Солардың қатарында Қаратөбе ауданы, Мұхит ауылының түлектері - Жаңабек Жақсығалиев пен Талап Таймасұлы мен үшін мақтаныш, үлгі тұтар тұлға.

Университетімізде тарихи мұражай бар. Мұражайда барлық мәліметтер жинақталған. Ізденіс барысында мұражайға барып, мұражай меңгерушісі Меңсұлу Қайыршақызымен кездесіп, сұхбаттастым. Мұражай меңгерушісі: «Мұражай 2002 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Мұражайда университет тарихынан сыр шертетін тарихи деректер, профессор-оқытушы қауымының ерен еңбектерін бейнелейтін суреттер мен маоапаттары, студент қауымының қиын да қызыққа толы өмірінен, қол жеткізген жетістіктері, әр түрлі білім бәйгесінде, спортта

алған кубоктары мен мақтау қағаздары көрініс тапқан. Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ТМД елдеріне танымал 500 университеттің ең үздіктер қатарына енген Қазақстанның жоғары оқу орындарының бірі. Өлі де биік белестерді бағындырары сөзсіз», - деп мақтанышпен сыр шертті. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті - адамгершіліктің 85 жылдық дәні егілген, жастық шақтың мәңгілік мекені. Білімге сусындаған бақытты кезеңіміздің самал лебі есіп тұрған оқу ордамыз. Біздің университетіміз «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген М.Әуезов атамyzдың сөзін жерге тастамай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» деген Мағжан атамyzдың сөзін

Апталық тренинг

20-25 қараша күндері аралығында педагогикалық апталық тренинг оздырылды.



Мәдениет және өнер факультетіне қадам басқан әрбір студент өз талантының шырағын жағуы тиіс. Ұйымдастырылғанына тура 6 жыл уақыт болған «Талант» жобасы - өзіңізді сахна төрінде әр қырыңыздан танытатын жұлдызды сәт. 1-курс студенттерін екі топқа бөліп, арнайы тәлімгерлер тағайындап, 20 күн дайындық жүргізіп, шоу-концерт жасау жылма-жылғы дәстүр іспетті.

ТАЛАНТТЫЛАР бақ сынаған қос күн

Бұл жылы да осы дәстүрден жаңылмай, өз жұмыстарын жүйелі жалғастырды. Қос күн бақ сынаған студенттер ерекше талант иелері екендіктерін көрерменге дәлелдей білді. Үздіктердің үздігі бақ сынаған осынау жобада 20 түрлі номинация бойынша қос топ бақ сынасты. Байқау шымылдығын факультетіміздің жаңа деканы Абат Сатыбайұлы бастап, өрелі де өнерлі студенттерге ақ жол тіледі. Алғаш боп «Fantasy World» тақырыбы төңірегінде шоу бағдарлама ұсынған I топтың таланттылары үздік қойылым мен ерекше жанрдан көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Байқаудың екінші күні II топтың «Univer show» атты шоу концерті өтті. Кіре берістен ерекше декорациямен әсемделген топтың негізгі ойы «Оскар» жүлдесінің марапаттау кеші ретінде ұсынылды. Үздік жүргізушілердің керемет көңіл-күймен басталған кеші аяқталғанша өз қызығымен көрерменді таңғалдырумен болды. Қос күн бойы таланттылардың өнеріне куә болған көрермен жобаның үздіктері кім болатындығын тағатсыздана күтті. Сонымен «Талант» жобасының үздіктерімен таныс болыңыздар: **Үздік топ** – II топ; **Үздік мақала** – Гүлзінат Қибатова, II топ; **Үздік ақын** – Манас Болатов, II топ; **Үздік дуэт** – I топ; **Үздік жүргізуші** – Мәлдір Хамитова, II топ; Берік Сағит, I топ; **Үздік би ұжымы** – II топ; **Үздік ерекше жанр** – Айзада Жетісова, I топ; **Үздік сценарист** – Аңсағаным Серікова, II топ; **Үздік қойылым** – I топ; **Үздік жайдрман тобы** – «OSCaR» I топ; **Үздік декорация** – II топ; **Үздік «Fashion ART»** - I топ; **Үздік «Fashion»** - I топ; **Үздік көркемсөз** – Биболат Ғайнолла, II топ; **Үздік ән** – Гүлбаянсұлу Бақытжанова, II топ; **Үздік хор** – II топ; **Үздік ансамбль** – II топ; **Үздік тәлімгер** – Назерке Таханова.

«Көрермен көзайымы» номинациясы – Биғалиев Алтынбек II топ, Бақытқызы Эльмира –I топ, Бимағамбетов Нұрболат, I топ, Асқарова Айкөркем, II топ.

Қос күнге созылған жобаның негізгі мақсаты – әр таланттың биіктен көрінуіне, өз ортасында танылуына мүмкіндік жасау. Ендеше, мәдениет пен өнер ордасының талапты да талантты студенттеріне жұлдыз боп жарқырай беріңдер деп тілек айтамыз!

Гүлзінат ИБРАГИМҚЫЗЫ

желге ұшырмай, сенімін ақтап жүрген оқу орны екеніне көміл сенемін. Осы университетте алған білімім кейінгі өміріме азық болатынына сенемін. Алда зор міндеттер бар. Ол Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауынан туындайды. «Жастарымыздың басымдық беретін межелерінің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп атап көрсеткен болатын Елбасы. Біз мақсаттың биігінен көрінуге ұмтылып, киелі білім ордасынң беделін арттыруға қызмет етеміз.

Дана ЖАҚАН,
ҚДР -11 тобының студенті

Петропавл қаласынан келген тренер жаңа әдістерді заманауи жаңашылдықтармен үйретті. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде жаңа әдістерді жетік қолдану - жас маманнан күтілетін еңбек. Сондықтан үздік тренерлер университетімізбен арнайы ынтымақтастық орнату

арқылы студенттерге, магистранттарға және жас оқытушыларға ерекше үрдісте тренинг түрлерін оздырған болатын. Тренинг барысында көптеген жаңашылдықтарды үйрендім. Бұрын соңды қолданбаған әдістерді біліп, мектепке дейінгі ұйымдарға қажетті біз меңгермеген көптеген тәсілдің бар екеніне көз жеткіздім. Осы тұрғыда үдеріс түрлерін алмастырып, мәңгілік елдің білімді ұрпағын сауаттандыруда көптеген озық үлгілерді игердім. Бірнеше тілді қатар игерген жастар ретінде болашақта бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасарымыз сөзсіз. Тәуелсіздік таңдарымыз тұғырлы, егемендігіміз елеулі болғай.

Аида ХАСАНОВА,
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының студенті

Замандасқа айтарым бар!

Замандасым, біле білсең аз-ақпыз!
Қонақжаймыз, жаны жайсаң, ғажаппыз.
Елін-жерін тастап кетпек түгілі,
Аяқ асты таптатпайтын қазақпыз.
Сатқындықты жек көретін соншама,
Елі үшін жан аямас, азатпыз!

Ұлт едік қой салт - дәстүрді сақтаған,
Жеріміз жоқ ар-ұяттан аттаған,
Ұлы Абай мен Шәкәрімді жаттаған,
Ұйықтарда кәлимасыз жатпаған.

Шыдап баққан талқысына азаптың,
Дінге берік жаны қайсар қазақпыз.
Қуанышы болар ұзақ азаттың,
Төбемізде жарқырасын ғажап күн.

Ислам ол – мемлекеттік дініміз,
Тәуба қылам, мұсылманбыз, бәріміз.
Мойындайды, құрметтейді бәрі оны,
Үлкені мен жасы, тіпті көріміз.

Діннің қазір сан тараулы жолы бар,
Тарам-тарам бөлімдері тағы бар.
Адасып жүр осы жолда қаншама
Діні – ислам , қаны – қазақ, бауырлар.

Көрсетпей – ақ қазақтардан жау үнін,
Заманында алып қалшы тәуірін.
Біреу іріп-шіріп жатса елінен,
Сен ондайға бармағайсың, бауырым!

Ғасырында жиырма бірдің қолдаған,
Бұл қазағым заманында сорлаған.
Біз сүретін жиырма ғасыр түгілі,
Ондай жайт жиырма жылда болмаған!

Бұл қарқынмен діни сауат жоғалар,
Біреу надан, біреу арам боп алар.
Кеткендердің елін тастап шет елге
Отанына опат болып оралар.

Замандасым басты көтер, құлама!
Қабырғанды тілсе дағы жылама!
Төндірмейтін бізге қауіп аспаннан
Аман болсын, Елбасымыз, Нұр аға!

Мен жастарға сенемін!

Қайратты қайсар жастарым,
Ашық болсыншы аспаның.
Сенімін ақта халқыңның,
Бірлікте болсын бастарың.
Жақсылыққа ұмтыл қашанда,
Жамандыққа баспағын.
Бес күндік ғұмыр дегенің,
Өте шығар қас – қағым.
Еліміз үшін тер – төккің,
Бойыңда барда жас қаның.
Бабаңнан мұра Жер- ана,
Уысында кетпесін
Ұлты бөлек басқаның.
Ел басына күн туса,
Қарияға емес, жасқа мін.
Орындауға ат салыс,
Елбасының жолдаған
Үндеуі мен жоспарын.
Ғылымға бөл ойыңды,
Елің үшін пайдалы
Тың жаңалық ашқаның.
«Мен жастарға сенемін!» деп,
Мағжан атам толғаған.
Ақыл жастан екенін
Сол заманда болжаған.
Аманат етті біздерге,
Болашағын елімнің
Ұлан байтақ жерімнің
Айдын шалқар көлімнің,
Біздерге ғана аманат!
Қазақтың қара нарлары,
Халқының ақтар сенімін.
Биікке желбіретейік
Көк туын қазақ елінің!

Самал АҚТАНОВА,
Жаратылыстану - география факультеті
Биология мамандығының 3-курс студенті,
Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері

Махамбетке арнау

(Мен мақтанам)

Бар қазағым ерлік-жырын мақтаған,
Дұшпандары тіс қайрауға батпаған.
Мен мақтанам(ын) Махамбеттей атаммен,
Қазағымның байтақ жерін сақтаған.

Атырапта шаптырған тай-құлының,
Түсіндірген батырлықтың ұғымын.
Мен мақтанам(ын) Махамбеттей атаммен,
Ұрпағымыз Махамбеттей ұлының.

«Мен қазақпын» деген сөзі жақын ғой,
Махамбетің елін сүйген батыр ғой.
Мен мақтанам(ын) Махамбеттей атаммен,
Ерлігіңіз бүкіл елге айқын ғой.

Махамбетім алты алаштың арланы,
Өлеңдері құлағымда сарнады.
Мен мақтанам(ын) батырлармен кешегі,
Орындалды Махамбеттің арманы.

Тәуелсіздік

Тәуелсіздік бақыт қой баршасына,
Өттік біздер аласұрып жартасын да.
Азаттықта жүргені бұл қазақтың,
Желтоқсан құрбандары арқасында.

Тәуелсіздік - тұғырлы ел, бақ мекені,
Қазақтардың тұрағы, шат мекені.
Қазақстан табиғаттың отаны ғой,
Мұнай, газы, көмірі артты кені.

Ата-баба болашаққа сақтаған,
Мен осындай елімменен мақтанам.
Қазақстан деген елдің болуын,
Мұхтар, Абай, Шәкәрімдер аңсаған.

91-де туды елде азат күн,
Болды сонда кереметі ғажабтың.
Орыс та, қытай да, неміс те емеспін,
Мақтанатын шүкір Алла қазақпын.

Елім бар мақтанатын қазақ деген,
Мақтанамын мен осындай ғажап елмен.
Дүниеде бір ұлы ел болса егер,
Ойланбай-ақ мен, шіркін, қазақ дер ем!

Бұл Қазақстан көп ұлттардың тұрағы,
Орыс, неміс бәрі осында тұрады.
Елге қауіп төнсе егер расында,
Барлық елдер бірігіп бас ұрады.

Бұл қазағым сенімімді ақтаған,
Бейбіт елді сол қалпында сақтаған.
Бұндай елмен білесіз бе ағайын,
Мұндай елмен мына мен де мақтанам!

Қазағым-ау сұм өмірмен жаттықпа,
Тілімді бұзып, дінімді бұзып қорқытпа.
Ләззат апам Ақшардан кем бе еді?
Қайратымнан Аяз ата артық па?

Тәуелсіздік - бар қазақтың жемісі,
Ата-бабам аңсап өткен жеңісі.
Қазақ жәйлі қаншама сөз өрілді,
Сұм ғасырдың «келсабы мен келісі»...

Жүрегімде қалған әлі сыздар бар,
Ерімеген санамда әлі мұздар бар.
Ерліктерін ер мақтаған ағайын,
Қазағым деп жалын атқан қыздар бар.

Туған жерім байтақ елім, мекенім,
Бір өзіңді сүйіп әркез өтемін.
25 жыл егемен біз ел болдық,
Дәлелдедік тәуелсіз ел екенін.

Бақытсыздық болмасыншы енді кеп,
Ата - баба батырлығың ел біледі(i).
Қазағым-ау, менің саған тілерім,
Көк туымыз көкте тұрсын желбіреп!

Нұрсұлтан БОРАНБАЙ,
Тарих мамандығының 1-курс студенті

Туған күнің құтты болсын анашым!
Тәрбиелеп, ақыл айтар дарасың.
Өмір жасың ұзақ болып әрқашан,
Жанымызда жүрші мәңгі анашым.

Үш қыз бенен екі ұлды өсірген,
Алла сені сақтасыншы кесірден.
Қызықтап тек ұл-қызыңның жемісін,
Жүз жасашы әкешіммен бірге сен!

Осы жырым арналады мынау туған күніңде.
Өттең, өттең, жүрмін алыс бүгін де.

Туған күнде құттықтап, мәз-мейрам боп,
Құшақтап ап бетіңізден сүйгім келед менің де!

Сымбат ТҰРЛЫМАНОВА,
Жаратылыстану-география факультетінің
4-курс студенті

Мама, маған жыламасаң болғаны!

Аңсап жетсем мейірлене құшатын,
Жиырмаға жасым бүгін жетсе де.
Тек өзіңсің құшағына қысатын
Бүкіл әлем теріс айналып кетсе де.

Орынымды тіршіліктен дәл тапсам,
Онда, мама, ізіңменен келемін
Арды аттамай, адал астан дәм татсам
«Ақ жаулығың кірлемесін!»дегенім.

Жанып барам өз отыма,себебі
Өкініш бар...өкпем де бар...басты мұң.
Өзің жаққа тартып кеткім келеді
Тұншыққанда түнде жасқа жастығым

Тұзды айырмай қарап тұрып шекерден
Мына өмірді түсінбей жүр құлының
Әлдеқашан сынып бәлкім кетер ме ем?!
Сенің,мама,барың үшін тірімін!

Мама,маған жұмақ сенің жатырың
Әлі аңғалмын,талай мәрте түйсем де ой.
Тәңір ием бұйыртып бір рахымын
Қағба алдында табаныңды сүйсем ғой!

Қайтем шертіп түкке тұрмас мұңымды
Дегенмен де өзің ғана түсінер.
Бүгін тағы жапырағым жұлынды
Адамдардың «адамшылық» ісінен.

Тыпыршыдым таппай,мама,өлеңге ой,
Өлең өлсе,раушан гүлің солғаны...
Барлығын да көтерем ғой,көнем ғой
Тек сен ғана жыламасаң болғаны!

Жүрексіз ескерткіш
Адам едік, «надан» боп та атандық,
Айналамыз қылмыс, өлім...хат алдық.
Сөздерінде көре алмайды бір-бірін
Көздерінде жанып тұрған қаталдық.

Жауыздықты мейіріммен жеңбей ме?!
Ағайын-ау,алауыздық емдей ме?
Ойланайық,бүтіндікті сақтайық
Біз қалайша жеттік мұндай деңгейге?

Тік қасық боп үйреністік дайынға,
Біле алмадым, жақсылық па,уайым ба?!
Барға шүкір қыла алмаймыз қолдағы
Төзім қалды...сезім қалды...жайында!

Бұл күндері көңіл суық,мүз денем,
Бір жылулық адамдардан іздеп ем.
Жүректері қатып қалған әу баста
Жүре алатын ескерткішбіз біз деген!!!

ЖАСТЫҚ ЖЫРЫ (Далаға сыр)

Дүниеден біреу сый алып жатыр,
Ал,біреу тағы қиналып жатыр
Көз жұмып,бейқам жүргенімменен
Жасайтын тірлік жиналып жатыр.

Мақсатқа түбі ,анық жетерім,
Жағамнан алма, жарық мекенім,
Білмеймін өзір ажал ақынды
Қай күні жерден алып кетерін.

Кеткенше кеуіп,құрғап жөтелім,
Шыңыңды биік шырқап кетемін!
Даңғара-өлкем, дарынды қылған
Дархандығыңды жырлап өтемін!

Еркелер өскен Есілді далам,
Еркелеп жүріп есірді балаң.
Кең құшақ далам,Тәңірден тіле
Ғибратты ғұмыр кешуді маған!

Кетері мәлім жас-ақ, кәрің де,
Тәтті,кермектің асап демін де.
Үлгілі жастық жазылса екен
Үлгерсем деймін жасап бәрін де!

Бергеніменен дәрігер кеңес,
Адамның бәрі!Бәрі де елес!
Қабірлер толып жатқанмен жерде
Барлығы оның көрілер емес.

Айкөркем ЗИНЕЛОВА,
Филология: қазақ тілі мамандығының 4-курс студенті

Адасқанын арты жөн, алды соқпақ

....Ата-анамды, бауырларымды көрмегелі, олармен жүздеспегелі 8 айдың жүзі болды. Олардан жырақта жүрмін, олардың жүздерін көру бір мұң болды. Аласапыран елде өмір сүрдім, көп қиындық көрдім дейін десем мүлдем қате айтқан болар едім. Тып-тыныш, бейбітшілігі мен татулығы жарасқан елдің бақытты тұрғыны едім. Сол бақытты күндерімді сағына еске аламын. Туған жердің қадірін жырақта жүрсең ғана білерсің, бұл сөз де бекерден –бекер айтылмаған секілді. Бастапқыда бәрі басқаша секілді еді, ал қазір мүлдем басқа... Өзімнің от басып, оңбай қателескенімді енді түсінгендеймін. Басқа дінге, басқа ағымға, басқа жолға түсемін деп еш ойламаған едім, ойыма да кіріп-шыққан емес. Алғашында «бәрі жақсы болады, өздерің де, туған-туысқандарың да шалқып-тасып өмір сүресіңдер, Алла – ұлық , ол тек жақсылардың жағында»

кеш еді. Бірақ дәл сол сәтте ешкімді тындамай, тіпті сол ағымға өз жақындарымды кіргізуді де ойластырғанмын. Жақындарым қанша уақыт бойы мені қалайда осы жолдан алып шығамыз деп әрекеттенді. Теріс ағым орға жығады демекші, жырақта жүріп, жақындарымның жанын жараламай, көлдей көңілдерін түсірмеу керек екенін аса түсінгендеймін... Қоғам адамды өзгерте ме, әлде адам қоғамды өзгерте ме? Әрине, барлығы адам қоғамды өзгертеді, тіпті адамзат бәрін өзгертеді деген пікірде болуы мүмкін. Дегенмен бұрынғы заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз қысқа шалбар киіп, әйел қауымына жаппай бетін жауып жүруді саналарына құймағаны анық...

Иә, мен қазіргі қоғамымызда жастар арасында аса күрделі мәселе болып өрбіген діни экстримизм жайында ой өрбіткім келіп отыр. Дін – адамға Аллаһ Тағаланың

ЗАМАНДАСҚА айтарғы бар...

деп, түрлі арбау сөздер көп айтылған еді. Алланы ауызға алып тұрып, көз алдымда адам баласын атып салып, аямай қинағандары әлі есімде. Осындай тірлікке бізді де араластырды, айтқан тапсырмаларын орындатты, шегінерге бізде жол жоқ. Есесіне олар отбасымды, туған-туысқандарымды кепілде устады. Сол бойы отбасымызды көрмей кеттік, шекара асып, елді де соңғы рет сол кезде көрген едік. Содан кейінгі өмір С.елінде өтті. Күнде бітпейтін бір жағымсыз жаңалық, күнде бітпейтін соғыс. Аласапыран күнде өзімізді-өзіміз ұмытуға айналдық. Бір елдің ішінде жүріп бір -бірімен қырылу, соғысу осының өзі ақыр заман емес пе? Таңқаласың, қарапайым халықтың не жазығы бар, олар күнделікті өмірлерінің өзі тыныш өткенін қалайды.

Алла- Ұлық деп басталған, бірақ адамзатқа қиянат әкелгені болмаса түк пайдасы жоқ бұл шытырман оқиғаның түбі неге алып келетіні мені бейжай қалдырмады. Ақыры өз замандастарыммен бірге көрген осыншама қиындықтар, адам ойына кіріп-шықпайтын түрлі тапсырмалар, түк кінәсі жоқ жандардың жазықсыз қаза тапқаны жаныма батты. Жанымда мен секілді басқа ағым жетегінде білместіктен еріп кеткен замандастарым, бауырларыма айналған жандар бар еді. Жат елде жүріп, өзіміздің шалқып-тасып өмір сүрген кездерімізді, енді қайта оралмайтындай көрген едік. Еліміздің саясатына кері әсері тиетін осындай ағымдардың бар екенін біз білмеген едік. Дін жолына түсіп, тура жолға салынамыз деп жүргенімізде, жат ағымға ілесіп, басқа жолға түскенімізді білгенде бәрі де

таңғажайып даналыққа құрылған жаратылысының алдындағы мақсат-міндеттерін айқындап беретін, адамзатты ізгілік жолына салатын, тек жақсылыққа жетелейтін, сыйластықты насихаттайтын, бес күндік фәниде мәнді өмір сүруге үйрететін жұмақтың жолы деп білемін. Дін туралы өзінің пікірін әлі қалыптастырып үлгермеген, оң мен солын танып білмеген жасөспірімдер мен жастар бүгінде теріс ағымның құрбаны болып жатқаны сөзсіз. Жалпы, өзімді толғандыратын жағдай – замандастарымыздың осыншама дамыған заманда, жетілген қоғамда өмір сүріп жатса да, қандай да бір жолдың жетегінде жүріп кете беретіндігі. «Адам боп келген соң бұл фәниге, адам боп кету парызың»,-деп Абай атамыз айтқандай, адам баласының өз өмірін мәнді етіп сүруі ерқашан өз қолында. Адамның теріс жолға түсіп кетуін тек дінге немесе қоғамға ысыра берудің еш қажеті жоқ. Заманына сай адамы демекші, қоғамның да, ортаның да өзгеруіне себепкер болып жүрген адам екенін ұмытпаған жөн. Қазіргі кезде дінге байланысты әр тұлғаның ойы, көзқарасы бөлек. Себебі, бүгінде діни экстримизмге байланысты туындап жатқан мәселелер, тек қана ауыл, аудан, қала арасында ғана емес, халықаралық деңгейде шешіле алмай жатқан проблемалардың бірі де бірегейі болып отыр. Алдыңғы жылдың ағымында ғана Ақтөбе қаласында болып өткен діни терроризмнің өзі елімізді дүр сілкіндірді. Сол уақытта қаншама жазықсыз қала тұрғындары көз жұмды. Ал Құдайдың құтты күні соғысы

бітпейтін Сирия жерінде қаншама жазықсыз тұрғындардың қырылып жатқанын көзімізбен көрмесек те, естегеннің өзінде денең түршігеді. Діннің жастар арасында дұрыс таралмай, теріс ағымның тез қанат жаюына не себеп, не түрткі болып отыр? Оған үйде тәрбие беріп отырған ата-ананы кінәлаймыз ба, әлде дұрыс білім бермеді деп мектеп, жоғарғы оқу орындарын кінәлаймыз ба? Түбі, айналып келгенде, дамыған заман мен өзгерген қоғамға келіп тіреледі деп ойлаймын. Қазақ - ертеден ата-баба әруағына сыйынып, ескі наным-сенімді, салт-дәстүрді сақтаған ел. Кезінде ата-әжелеріміздің ақсақал жасына келгенде сақал қойып, ақ жаулықты ана атанғанда кимешек киген кездерін бүгінгі жастар сәнге айналдырып алған секілді. Дін жолына түсіп, діндар адам болуды немесе өзін-өзі рухани, дін жағынан жетілдіргісі келсе, сырт келбетті өзгертпей-ақ, өз адамгершілік қасиеттерін мейлінше молайтып жетілдірсе, Құдай жолының, дін жолының дұрыс жағын ұстанса жетіп жатыр. Жастардың басын қосып, жоғары оқу орнында болсын, мектеп табалдырығында болсын ой-өрісін кеңейтетін, өз пікірін қалыптастыруға себепкер бола алатындай ашық әңгіме алаңын молайтып, насихат жүргізіп отыру басты міндет деп білемін. Қазіргі таңда жат ағымдар жетегіне әлсіздер ғана еріп кете береді. Біз ислам дініндегі халықпыз, халық арасына жік салып, өртүрлі діни ағымдарды таратып жүргендердің іс-әрекетіне көз жұма қарамауымыз қажет. Мемлекеттің негізін құрайтын – халық. Халықтың ыдырауы – мемлекеттің ыдырауы. Сондықтан іргеміз берік, алынбас қамалдай болуы қажет. Ислам дінінде адамзатты күштеп дінге тарту жағы қарастырылмаған. «Ел боламын десен, бесіңді түзе» демекші, өз салт-дәстүрімізді жастардың санасына жақсылап дәріптеп, ұрпақтан- ұрпаққа мұра етіп қалдыруымыз қажет. Қазақтығымыз сақталуы міндет. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан халықтың берік қамалын ешкім бұза алмайды. «Көп түкірсе- көл», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бір-бірімізге қарасып, қолдау көрсетіп жүргеніміз абзал. Жанымыздағы жақын жандарымызға шын пейілмен жанымыз ашып, көбірек көңіл бөлейік, жақсылығымызды аямай, қолымыздан келгенше көмектесейік. Жақсылық жасау үшін он екі мүшеміздің сау болуы шарт емес, тек мейірімге толы жүрегіміз болса болғаны. Қазіргі қоғамда біз секілді жастарды қолдап,, болашағына сеніп, жігеріне жігер қосатын Елбасының: «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады», -деген сөзі ойыма орала береді.

Өзім өмір сүріп жатқан қоғамда ерқашанда жүректері мейірім мен махаббатқа, жақсылыққа толы жандардың санында шек болмағанын қалаймын. Мейлі, қоғам өзгерсін, заман өзгерсін, бірақ ешқашан адамдығымыз жоғалмасын. Өйткені, саналы адамы бар елдің болашағы бар.

Айым КӘДІРБЕК,
биология мамандығының 3-курс студенті

Отаным - алтын бесігім

Жаңақала - қасиетті туған жерім

**Жаңақала қасиетке тұнған жерім,
Ақын, күйші, дүлдүлдер туған елім.
Қуат алып суы мен ауасынан
Ата-баба рухымен төске өрледім.**

Жаңақала жері – кең-байтақ, өлкесі көк майсамен өрілген, жазық жазиралы дала, сыңғырлай аққан бұлақтар, нарын құмды шөлдер, табиғаты тамаша мекен. Табиғат-ананың тоң кеудесінің жібіп, мейірімі күн шуағындай төгілген бір тамаша жері болады десек, мен бұл тұрғыда өзімнің туған жерім Жаңақаланы нағыз қазақтың көрнекті жері деп мақтанышпен айта аламын. Себебі қазақ жерінің табиғаты сұлу, кіршіксіз таза, мөлдір бұлақтай пәк.

Жаңақала ауданы Орал қаласының оңтүстік-батысында, Көшім өзенінің Бірқазан көліне құяр жерінде орналасқан. Тарихқа құлақ ассақ, Жаңақала ауданы 1930 жылы құрылған. Іргесі 1972 жылы Қисыққамыс елдімекенінің негізінде қаланған. Ауданда тоғыз ауылдық әкімшілік округ, отыз екі елдімекен бар. Аудан орталығы - Жаңақала ауылы.

Тарихы да, табиғаты да қайталанбас Жаңақала өңірінің өзіндік ерекше мүйістері өте көп. Олардың кейбірі мемлекет қорғауына алынған. Солардың бірі - Жалтыркөл қорықшасы. Жалтыркөл қорықшасы су құстарын сақтап, көбейту мақсатында 1967 жылы құрылған еді. 1992 жылы мемлекеттік зоологиялық табиғат қорықша мәртебесін алды. Жалпы көлемі – 19,0 мың гектар. Қорықшаның өсімдік жамылғысы әр түрлі. Көл айналасынан ені 50 метрден 150 метрге және одан да көбірек жерді қоға, қамыс өсімділері алып жатыр. Қазіргі уақытта қорықша аумағында

70-ке жуық құс түрі тіркелген, олардың 14-і Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Олар: бұйра бірқазан, қылаң қарабас шағала, қарабас өгізшағала, сұңқылдақ аққу, отүйрек, жалбағай, қызыл жемсаулы қарашақаз, лашын, ақбас тырна, безгелдек, аққұйрықты суқарақұсы және т.б. Сүтқоректілерден Қазақстанның Қызыл кітабына ала жертесер енгізілген. Қорықша территориясы Жаңақала ауданының Бірлік және Көпжасар ауылдық округтері аумағында орналасқан.

Ауданымызда қорықшамен қатар құрақты қамыс өсімділері өсетін Қамыс-Самар көлдері де бар.

Қараөзен мен Сарыөзен жайылып барып құмға сіңетін тұста көптеген бөлек-бөлек көлді жүйелер қалыптасқан. Олардың жағалауы биіктігі 4-5 метрге дейін жететін қалың құрақ өсімділерінен тұрады. Жағалаудың биіктеу бөліктерінде ақмамық, кермек, бұзаубас, сораң, сора және басқа да өсімдіктер араласа өскен.

Құрақты қамыс өсімділері көл жағалауы маңының 80-90%-ын алып жатыр. Бұл қамыс өсімділері су құстарының ұя салып көбеюіне ықпал етеді. Мұнда Қазақстанның Қызыл кітабына енген және облыста сирек кездесіп, қорғауды қажет ететін қызғылт бірқазан, жалбағай, кіші аққу, ақбас үйрек, шиқылдақ қаз, бізтұмсық, теңіз кептер шағаласы және басқалары кездеседі. Қамыс өсімділерінің эталонды телімі ретінде Домбақ қыстағынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 км жердегі 5 гектар аумақты алуға болады.

Сонымен қатар құрақты қамыс көлдеріне Жаңақала ауылынан батысқа қарай 2 км қашықтықта жатқан Соркөл көлін де жатқызуға болады. Көлдің алып жатқан



ауданы – 150 гектарға жуық. Жағалары құламалы тік жарлы. Көл суы ащы, лайлы, жергілікті халықтың айтуы бойынша, орташа тереңдігі 1,5 м, кей жерлерде 2 м-ге дейін барады. Жағасында өткен геологиялық кезеңдерде өмір сүрген теңіз фауналарының қалдықтары кездеседі. Көлдің солтүстік және батыс бөлігіндегі су айналасында қалың қамыс өсімділері өскен. Құламалы тік жарлы жағада жағалау қарылғаштарының көптеген ұясы бар. Жергілікті тұрғындар көл суының емдік қасиеті бар деп есептейді. Бірақ судың емдік қасиетін анықтау үшін арнайы зертханалық зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Жергілікті бальнеологиялық маңызына байланысты гидрологиялық нысан ретінде қорғауға алу қажет.

Ауданымыздың табиғат байлықтары орасан зор, олар халық қажетін қанағаттандыру әрі шаруашылығы дамыту үшін қажетті бәрін береді. Дегенмен, бұл байлық қаншалықты мол болғанымен, оны сақтай біліп, дұрыс пайдаланбаса, уақыт өткен сайын ол да сарқылады. Сондықтан табиғат байлықтарын қорғаудың аса зор маңызы бар.

Жансая БАЙМҰХАШЕВА,
1-курс магистранты

2013 жылы қазанның 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 октября 2013 года



Шеберлік сағаты

Шешен сөйлеймін десең...

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 85 жылдығына орай «IX Махамбет оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының бағдарламасы бойынша ғылым докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының «Шешен сөйлеймін десең...» тақырыбында шеберлік сағаты (мастер-класс) өткізілді. Сөз жоқ, шеберлік сағатына университет, мектеп мұғалімдері және тұла бойына Махамбет бабамыздың ар-намысы сіңген жалынды студент жастары көптеп қатысты. Даусыз құндылық шешендіктің қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі ұлттық рухани өнері екендігі. Шешендік – бүгінде сирек ұшырасатын да қасиет, бірегей дарындылық белгісі. Десек те, ақындық туа пайда болады, шешендік жүре қалыптасады емес пе. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрыларын ескерсек, шешендік өнер қолма-қол туа айтылатын, суырыпсалма жүрекжарды сөздерге негізделер шығармашылық сипатымен де дараланбақ. Осы іспетті әр кеудені рухани жаңғыртар таңғажайып дағды мен әсерге толы әдеттерді игеру үшін шешендік өнердің теориясы мен практикасын меңгеру міндет. Жарқын да ашық сөйлеуге ұмтылу,

асқақ»; «Көңіл – қазы, көз – таразы»; «Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді»; «Тыңдай білу- ұлылық»; «Аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар»; «Сөйлеу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат»; «Жүйелі сөз – киелі»; «Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды»; «Дәлелсіз сөз желмен тең»; «Ірі сөзге – ізетті жауап»; «Сөз тапқанға қолқа жоқ» тақырыптарындағы тәжірибелік тұжырымдарымен бөлісіп, сөз түйінінде шешен сөйлеу сапасын бағалау үлгісін ұсынды.

Иә, қадірлі құрбы-құрдас, сұлу да көрнекі әр шешендік сөздің өзіне тән терең мағыналы, астарлы жүктемесі бары рас. Сөз жүктемесінің сыры даналық ойды бейнелейді. Әлбетте, нақыл сөз-асыл сөз десек, шеберлік сағаты барысында айтылған әр шешеннің сөзі даналықты айқындар ой толғағының әмбебап туындысы екендігіне көзіміз жеткендей күйге ендік. Орынды айтылған ата сөзінің астары неткен терең десеңші!..

«Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық - сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік» деп ой түйген ежелгі грек дүлдүлі Демосфен неткен терең! Оның көптің алдына шығып, ойын нақтылы жеткізу үшін



өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыру, құдай берген қабілет-қарымды ескере келе, жеке сенімділікті нығайту аса қажет те. Белгілі бір ой маржанын тыңдаушыға жеткізу, сойлы тұлғаның бойына жағымды әсер қалдыру үшін де молынан тер төкпей болмас. Ғалым ағаның кезекті шеберлік сағаты тап осы ой үдесін көздегені күмәнсіз. Автордың шеберлік сағатының кіріспесінде от ауызды орақ тілді Махамбет аңыздың импровизаторлықпен өрілген төкпе жырларына кезек берілді. «Филология: қазақ тілі» мамандығының III курс студенттері Жамбыл Нұхы мен Әсемгүл Тұрлановалар ақын өлеңдерінің мазмұнына дендеп еніп, келісті образбен алдын-ала таңдалған әуен сазында жыр тиегін ағытқанда, зал сілтідей тынды. Мағыналы ой құшағына енген сөз құдіретін бағалар аудиторияға көрікті ой, келісті сөз табудың озық үлгісін көрсетуді мақсат тұтқан шешендік сағатының туындыгері, профессор Абат Сатыбайұлы «Сөз сөйлеуге даярлық – демосфендік дағды»; «Шешендік – кісі көркі»; «Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса»; «Шаршы топта сөз бастау қиын»; «Шешеннің тілі – шебердің бізі»; «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз»; «Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмарлықтан көп артық»; «Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас»; «Үндемегеннің өзі де жауап»; «Сөзге сақ болу шешендіктен де

өз бойындағы кемшіліктерімен күресе жүріп, кейіннен өзгелерге шешен сөйлеу мәдениетін мойындатуы ойға ой қосқандай.

Шеберлік сағатының нүктесін тарих, экономика және құқық факультетінің I курс студенті Алишер Еламан «Екі ғасыр үндеуі» атты өз толғауымен қоя білді. Профессор Абат ағамыздың аудитория алдында, нақты материалды айқын да жарқын ерекше жігермен, құлшыныспен сендіре сөйлеуі, логикалы ой өруі, сөз сөйлеуі көпшілікті тәнті етпей қоймады. Демек, шешендіктің үлгісі болған шеберлік сағаты өз мақсатына жетті деп білеміз. Шешендікті қай заманда да, қай қоғамда да, көпшілік қауымға үлкен әсер ететін, жұртшылық санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытар құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер десек, түйін ретінде сөз алған жастар шеберлік сағатынан алған әсерлерін жеткізіп, шеберлік сағатының авторы ғалым ағамызға алғыстарын жаудырды. Нәтижесінде қазіргі таңдағы тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті көшбасшы Махамбет ұрпақтары ой құшағында тарасты.

Алмагүл ҚҰСПАНОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің
II курс студенті, «Педагогикалық тарих» мамандығы

Ақ жүрек



Мейірімділік — жүректен, қайырымдылық - білектен

Адамдар «бақыт» ұғымын әрқалай түсінеді. Біреулеріне ақша, мансап бақыт болса, біреулерге жай ғана өмір сүрудің өзі бақыт. Табиғатты сезіну, көру, есту бақыт емей немене?! Әлемде мұндай

сезімдерге кенелу, сезіну барлығына бірдей бұйырмаған. Бұл қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты. Олардың бірі жарық күнді көруді, бірі құстардың сыңғырлаған дауысын естуді, енді бірі арбаға таңылмай өздігінен жүруді армандаумен болады. Осы тұсқа бір сәт үңіліп көрдік пе? Ал дені сау адамдардың арманы – алыс шет елде демалсам, шіріген бай болсам, қолымда билігім болса ғой, шіркін!..

Сонда бақытты кім қалай түсінеді? Он екі мүшесі сау адамның өзі денсаулықтың қадірін білмей, оған қайта кесірін тигізіп жатады. Мәселен, көзін, ернін үлкейте өзгерту секілді пластикалық оталар жасау, т.б. Табиғи сұлулыққа не жетсін!.. Пенденің өз жаратылысына қарсылығы да...

Бұл реттегі біздің айтарымыз - он екі мүшеміздің саулығына риза болайық, мұндай үлкен сыйға қолы жетпегендерге көмек қолын созайық, мүмкіндігі шектеулі жандардың өз құрбыларының қатарына қосылуына жәрдемдесейік деу. Ия, «мейірімділік — жүректен, қайырымдылық - білектен», әркез қайырымды болғанға не жетсін, құрбылар!

Ару ӨТЕПБЕРГЕНОВА,
«Фил-21» - топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы

Шәкірт сөзі

Арман бесігінде

«Көңілімізді бақытпен алдандырып, Арман қуып келеміз, арман қуып. Арман барда, арманға тоқтау бар ма? Жан бар ма екен арманға салған құрық?» Осылайша қазақ поэзиясының алыбы Мұқағали ақын арман-қиялдың адамға қанат бітірерін дәл айтады. Сөйтсек, шыр етіп ана құрсағынан жарық дүниеге алғаш қадам басқан сәбидің пешенесіне көкте тағдыры жазылып қойылады екен. Тағдырға талас жоқ деп біреулер жазмышқа көніп жатса, ал екінші бірі бақыт үшін күреспей, өмір майданы алаңында шаршап-шалдықпай талап биігіне көтерілудің қиындығын айтады. Өрине, пенделік күн кеш-кесін сор маңдайыңа түскен ақ та, қара да жолақты кешесің, сол жолда қуаныштың тәтті, қайғының жанға батқан ащы дәмін де сезінуге тура келер. Бірақ алдағы өзінді тосып тұрған жеңістер мен белестерге асыққан адамның жаны, меніңше, жұдырықтай жүрегіндегі толайым күш – асқақ армандарға толы болмақ. Ғұламалардың бірі айтпай ма: «Бойыңызға арман-мұраттарды дарытқайсыз, оның өзі сізге қуат берер шұғыла тәрізді» деп. Қанша таң атырсаң, сонша арман адамға қанат секілді жалғанады. Бұл құбылыстың себебі, адам Ұлы Құдіреттің жаратқан тұлғалары, біздің әрбіреуміздің ой-түйсігімізде жасырулы, құлыптаулы арман бар. Осы тұрғыдан қарастырсақ, адам баласының жүрегі тегістей арман деп лүпіл қағады. Арман – ой тербеткен бесік. Сол бесіктің әлдиін тыңдау, маған да бұйырған.

Балалық балдәуренімнен өзіммен тетелес бүлдіршіндер сияқты мен де көгілдір экранның бергі жағынан телевизия саласын тамашалағанды ұнататынмын. Теледидардың ар жағындағы халыққа қызмет көрсетіп, күн-түн демей тыным таппайтын журналист мамандарға ерекше сүйсіне қараймын. Осы қызығушылығым жүрегіме арман ұялатып, жаңа шырақ жақты. Ол жанымға жылу берген ұшқын болатын, есейе келе ұшқынның жалынға ұласқанын сезгендеймін. Бүгінгі бойжеткен шағымда асу-асу арманыма түрткі болған да - балалық кезімдегі еліктеушілік. Еліктеуді арман мен мақсаттың әліппесі деп білемін. Осыдан бірнеше жылдар бұрын, теледидардан көрген жып-жинақы, болмысы мен сөйлеген сөзі салмақты, сүйкімді бейнесі мен жағымды дауыс тоны шебер үйлесіп, студия жарығымен бет-жүздері алабұртып, киім-киістері келісімді диктор аға-әпкелерімді әркез еске алып, қызыға да мәз бола, таңдай қаға қарап жүрген күндерімді ұмытпақ емеспін. Журналистиканың телевизия сахнасынан алғашқылардың бірі ретінде жарқ ете шығып, алуан әсерге бөлеп, есімде қалған Жайна Сламбек апамызды құрмет тұтамын. Жайна апамыздың айтқан әр сөзі құлаққа майдай жағады, қара қылды қақ жарып ақиқатты ғана сөйлейтін тапқыр тұжырымдары көрермендерін терең ой нектізіне шомылдырғандай. Нақышына келтіре айтар өрнекті сөздері мен шешен де тұлпар тілі арқылы тыңдарман қауымын тақырып аясына еліктіре баулыр қырын жоғары бағалаймын.

Тәуелсіз Қазақстанымыздың қазіргі күнгі тележурналистикасы жан-жақты дамыған. Ел табысын күллі әлемге тарату жолындағы қызметін адал атқарып, әр ісін аса ұқыптылықпен жүргізудегі журналистика мамандары жыл өткен сайын биік белестерді бағындыруда. Білімді де білікті, өз ісінде үлкен жауапкершілікті сезінетін жас талапкерлер санының көбеюі де көңіл қуантарлық жағдай. Кей-кейде қолым қалт еткенде ғаламторда жарияланған журналист мамандарына арналған арнайы түсірілімдер мен ақпарат көздерін іздестіремін, жан қалауым телевизия бағыты болған соң, теледидардағы бағдарламалардың тұрақты көрермені боп, бастапқы деңгейдегі тәжірибе жинақтауға тырысамын. Болашақ бүгіннен басталады дегендей, саф алтындай уақытты текке ысырап етпей, бағдарлама жүргізушілердің сөз қоржынын, сөйлемдеріндегі мәнерлі, маржандай тізіле келіскен бағалы ойларын санама тоқып отырамын. Сүйікті ісім - негізінен шығармашылық әлемі, болашағымды журналистикамен тығыз байланыстырамын. Шабыт келгенде қолыма қаламымды ала сап, эссе, көркем шығармалар жазуға талаптанамын. Жаңа туындылар маған серпіліс беретіндей...

Өз ойымда жарқын да айқын мақсаттар менде жетерліктей. Мақсат жағалауына жеткізер қайықты арман ретінде алсақ, ескегі алысқа жетелеген үміт шырағы болмақ. Бұлардың еш біреуін жоғалтып алмау маған міндет іспеттес. Ойшыл Анатолий Франс: «Армандай білуге бейімділікте де ұлы даналық бар» демей ме. Келер келешегімізге үмітпен қарағанға не жетсін!

Азиза Насимуллина,
«Үміт» лингвистикалық гимназиясының
10-сынып оқушысы

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства») - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, республикамыздың еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО спорт шебері, Бөкей ордасы ауданының құрметті азаматы Жұбаныш Жәрдемовтің 65 жасқа толуына орай қазақ күресінен 2001-2003 жылы туылған жасөспірімдер арасында дәстүрлі облыстық турнир оздырылды.

Палуандар түсті сайысқа

Алдымен Бөкейорда аудандық мәдениет үйінде спорт саңлағымен кездесу өтіп, онда бөкейліктер Жұбаныш Садырұлының тартымды әңгімесіне қанықты. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Тілеген Арыстанбеков ашып, жүргізген бұл кеште Ж.Жәрдемовтің өмірінен бейнеролик көрсетіліп, спортшы бозкілемдегі әрбір жеңісі туралы әсерлі естелігімен бөлісті. Алғашқы жеңіс, талас тудырған тайталас, абырой арқалатқан жарыс төңірегінде айтылған әңгімелері де кешке келбен тыңдармандарды еріксіз сүйсінтті. Көрермендер палуанға көкейлеріндегі сауалдарын қойып, тұшымды жауап та алды. Өз кезегінде Айкөркем Мақашева жерлесіміз әнші-сазгер Қабіболла Өлесовтің «Жұбаныш ағаға» арнаған өлеңін оқыса, Медет Мусиннің орындауында шырқалған «Ауылға сапар» әні де тыңдарманын толқитты. Шара соңында аудан әкімінің орынбасары Рүстем Зұлқашев мерейтой иесіне ізгі лебізін білдіріп, аудан әкімі атынан Алғыс хат табыс етті.



Мұндай кездесу Ж.С.Жәрдемовтің кіндік қаны тамған Хан ордасы ауылында да өтті. Кезінде өзін спортқа баулыған дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, бүгінгі ардагер-ұстаз Береген Қожағалиевпен әлі де шәкірттік байланысы үзілмегені сүйсінтті. Бұл өзгелерге сабақ, үлгі болар тағылым, қазақы ізет, кішіпейілдік екені сөзсіз. Келесі күні М-С Бабажанов атындағы орта мектептің спорт залында қазақ күресінен өткен турнирге Орал қаласы, Казталов, Бөрлі, Жаңақала, Жәнібек, Бөкей ордасы аудандарынан 110 жасөспірім қатысып, өз салмақтары бойынша жеңімпаздарды анықтады. Жарыс соңында аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Дмитрий Семелиди Жұбаныш Жәрдемовті мерейлі жасымен құттықтап, қазақ спортына қосқан үлесі үшін ізгі лебізін білдіріп, медаль табыс етті.

Оригинальную постановку по пьесе классика русской литературы Михаила Булгакова «Морфий» представили со сцены актового зала университета студенты третьего курса факультета культуры и искусства.



Студенты назвали свой спектакль «Лицом к лицу с судьбой». Перед началом спектакля нам удалось поговорить с руководителем студенческого театра

«Муратер» Индирай Идиятовной Искаковой. По ее словам, она была лишь консультантом в репетиционный период. Времени у ребят было немного, они репетировали

ЖАЙДАРМАНШЫЛАРДА ЖАҢАЛЫҚ МОЛ



«Күле білу - өнер, күлкі болу – өлім, күлдіре алу – өнер»- дейді белгілі сатирик Сейіт Кенжеахметұлы. Соңғы кезде жастар арасында кеңінен таралған көңілді тапқырлар алаңы біраз талантты жастардың өнер жолына түсуіне түрткі болды. Кейде «Жайдарманды» бос әзілмен сахна қадірін жоғалту деп жатамыз, алайда осы бір жобаның да түкпірінде сындарлы бір ақиқат жатқаны мәлім. Жақында ғана Ақтау қаласында өткен Маңғыстау ашық лигасының вице-чемпионы, Шыңғырлау ауданының арнайы әкім кубогының иегерлері атанған «Мұрагер» жайдарман тобымен кездесіп, құрама мүшелерінің қызықты әңгімесін тыңдап қайттым.

2015 жылы алғаш студент болып келген кезімізде университет ішінде іріктеу жүрді. Мәдени-тынығу жұмысы мамандығы мен музыкалық білім бөлімінің студенттері боп, «Сіздер үшін» жайдарман тобының ықпалымен «Мұрагер» жайдарман тобы боп құрылды. Алғашқы бастама университет сахнасынан бастау алып, кейіннен облыс көлеміндегі ашық лигалардан бой көрсеттік. Ірілі-ұсақты жеңістеріміз жетерлік. Бастысы - «Маңғыстау облыстық» ашық лигасының вице-чемпионы атанған сәтіміз. Көрерменнің ыстық ықыласы біздің шығармашылық өрлеуімізге үлкен әсерін тигізетіні сөзсіз. Осындай керемет көңіл күймен туған қаламызға оралғаннан кейін, Шыңғырлау әкімінің арнайы жүлдесіне қол жеткіздік. Бұл – біздің ортақ жеңісіміз, университетіміз үшін үлкен жетістік деп ойлаймын. Алда да биік шыңнан көрініміз деген ойымыз бар, - деді топтың белсенді ойыншысы Абылқайыр Еслямғалиев.

«Мұрагер» жайдарман тобының капитаны - Бейсенбек Мажит есімді талантты ойыншы және ойын кезінде көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыялайтын Заманбек, Алтынбек, Абылқайыр, Бек, Аян, Нұрдаулет, Алтынбек сынды ойыншылар қазіргі таңда өнер көрсетіп жүр. Жайдарманшы жігіттерге қоржындарыңыз тек тұшымды әзілдерге толы болып, сахна төрінен көріне беріңіздер демекпіз.

в свободное от занятий время и очень хотели уложиться в сроки, намеченные бывшим деканом факультета Мейрамом Исатаевичем Исатаевым. Но этому не суждено было сбыться, случилась трагедия, унесшая жизнь молодого и очень талантливого педагога. В память о любимом наставнике ребята осуществили постановку. Для многих это было первым выходом на сцену настоящим дебютом. Первыми зрителями стали преподаватели и однокурсники. Больше всех, пожалуй, волновался режиссер - студент отделения режиссуры, также третьекурсник Максат Туяк. По мнению театралов, Булгаков для постановки не самый удобный автор, так-как его пьесы полны мистики, скрытой философии и необыкновенного

произведение классика. Действие проходит в больнице. Девчата в черных одеяниях, мечущийся в поиске смысла жизни молодой врач, ежедневно принимающий разных пациентов, и в наиболее трудные моменты начинающий искать спасение в мире морфия, ведущего его к полной деградации. Эффект восприятия усиливают песни 30-х годов в исполнении Александра Вертинского. Студентам удалось воспроизвести не только вечную тему пагубного влияния наркотиков на организм человека, но и создать запоминающиеся типы врача, медсестры, пациентов, образы предвестниц смерти в черных одеяниях, порассуждать на неумирающие темы жизни и ухода из нее, добра и зла, сиюминутных страстей и вечности, предназначения человека и одиночества.

Игру дебютантов многочисленные зрители отметили дружными аплодисментами. А пока запомним их имена: Туяк Максат, Иса Сагатден, Айнур Ерболатова, Акмоншак Есетова, Зиур Курмашева, Гаухаргуль Жексенова, Назерке Махамбетова, Айзада Рамазанова и Ардак Хайруллина. Окрыленные успехом дебютанты полны новых планов и задумок. По словам Туяка Максата, впереди работа над постановкой «Шинели» Н. В. Гоголя.

Студенческий спектакль

«МОРФИЙ»

психологизма. Но спектакль удался и прошел, как говорится, на одном дыхании. Ребятам при явной скудности декораций удалось по-своему «прочитать»

Н. КУАНГАЛИЕВ

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

ТІЛШІЛЕР:

Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Алтынгүл ДӘУЛЕТБАЕВА,
Айша КЕМЕШОВА, Ақкенже БЕРКЕНОВА

Корректор: Ақзия Әділқызы НИЯЗҒАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.:50-41-46

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken@wksu.kz